

Л 2015

3613к

*БАЗАРБАЙҚЫЗЫ МАРКИЗА*

# ҰЯЛШАҚ МАХАББАТ

*Алматы, 2012 ж.*



**БАЗАРБАЙҚЫЗЫ МАРКИЗА**

**ҰЯЛШАҚ  
МАХАББАТ**

**Алматы 2012 ж**

УДК 821.512.122  
ББК 84 Қаз 7-5  
Е 34

**Базарбайқызы Маркиза**

**ҰЯЛШАҚ МАХАББАТ**

**Алматы 2012 ж – 124 б.**

## Алғы сөз

Автор 8 жасында бел омыртқасы орнынан тайып кетіп, аяғы сал болып қалады. Кейін құрт ауруына ұласып ұзақ-ұзақ айлап, жылдап төсекке таңылады. Әкесі кішкене қызына ертегі, батырлар жыры кітаптарын әкеліп береді. Бұл Маркизаның әдебиет әлемімен алғашқы танысуы еді. Қызының ауруханадан жазылған сағынышқа толы он үш шумақ өлең хатын алған шешесі қолындағы жеті-сегіз жас баласына (ең кішісі әлі емшекте), жасы 98-де көзі басыр енесіне қарамай ұзақ жолға шығады. Осы оқиғадан кейін ана мен бала арасындағы сыйластықтың, қимастықтың алтын арқауы болып әсем жырлар өмірге келеді.

Қазір қаламы төселген балалар жазушысы Базарбайқызы Маркизаның бұл кітапқа енген өлеңдері сол жас кезіндегі алғашқы жүрек үлпілі, сүйгені, сүйінгені, қамыққаны, торыққаны һәм бәрін де жеңе білген қайсар жырлары енген.

Кітап жалпы жыр сүйер қауымға арналған.

## Шікір

Маркиза Базарбайқызының “Ұялшақ махаббат” атты жыр кітабындағы үлбіреген ұяң мінезді, әдепті ғашық қыздың образы жүрек қылын шертеді екен. Иә, қазақ арулары жалындап сүйе де білген, сертте тұра да білген. Қазіргідей тек дене махаббаты үстемдік құрып тұрған заманда осындай таза мөлдір сезімді аялай жырлаған әдепті кейіпкерлер керек-ақ.

Қазақ қызымын

Ұяң мінезім.

Тереңге тығатын қымтап сезімін, — дей келе,

“Асылмасам мойыныңа, өкпелеме,

Жолатпашы тек қана сезімге мұң, — деп қиылады ару сүйгеніне.

“Қолдарыңның қызуын сезінемін,

Әдеп деген електен сүзілемін.

Сен туралы ойлармен көз ілемін,” — деп, ұяла тұрып мойындайтыны және бар.

Мына “ғашықсыз ғасырда” саусағы сезімнен дірілдеген, жүрегі елжіреген нәзік те аңсарлы асық жанның образы поэзия табалдырығын аттапты. Қыз сезімін, әйел жанын әйелден артық кім суреттей алсын?

Алаулаған “сезімін жат көзден кірпігімен қымтауға тырысқан” қыз өз сүйгенін әдеттегі таптаурын болған образ қыранға емес, момын бейбітшілік құсы көгершінге балапты.

Бүкіл жырдың өне бойына сағыныштың алтын жібі арқау болған екен. Иә, сағынбаған жүректен жыр да тумасы ақиқат.

Махаббаттың қас жауы — қызғаныш, күдік, жел сөз, өсек. Осыларды жеңе білген жанның ғана сезімі тұрақты, махаббаты баянды. Кейіпкер өз өзімшілдігін ақылмен жеңеді. Олардың сезімдерінің бірден бір жауы — арудың ауруы деп түсіндім.

Ал азаматтың екі мың шақырымдық екі араны жол қылып өз махаббатын дәлелдеуі оны бейбіт заманның батырына айналдырыпты. Аяғы жоқ қызды жар ету кез-келгеннің қолынан келе бермейтін ерлік.

Махаббат хикаясының аяқталуы да ғажайып — қосылған қос алақан, қауышқан ыстық құшақ.

Ойы оралымды, бейнелі өлеңдерінің ішінде алпамса ойлармен арпалысқан тағдырының тас түрмесіне көңіл шуағын мол түсіріп, талқыдан сүрінбей өткен, өзін жеңе білген авторға және оның шығармасына ақ жол тілеймін.

“Алатауды да теңселтіп жіберетін сағынышқа тола” жыр жинағы оқырман жүрегіне жол табарына сенемін.

*Мақсұт Ниеталиев, ақын.  
Қазақстан Жазушылар Одағының мүшесі.*

## Ғажайыпқа сенгендерге арнаймын

Қуанышқа жүреді еріп қалмай мұң.  
Өмір заңы осы ма деп толғаймын.  
Мен сөзімді пәк көңілмен қабылдыр  
Ғажайыпқа сенгендерге арнаймын.

\* \* \*

Сенім шақпақ.  
Көңіл отын жағайын.  
Жүрегімнің жалынына орайын.  
Жақсы сөзден жарым ырыс күтетін  
Қажетіңе жарар болсам, ағайын?

\* \* \*

Қажетіңе жаратарсың, ағайын!



## Жыр кітапқа сүңгі, дос

Шын бақыттың не екенін сезінбесең,  
Дөңбекшумен ұзақ түн көз ілмесең,  
Аңсауменен аңызға кешіп жаның,  
Тыншытпаса деңде тасып қаның,  
Көңіл байыз таппаса алағызып,  
Шыныменен кеттім бе деп араны үзіп.  
“Оқшау кет!” деп өз арың жазаласа,  
Кермек ойлар жүректі мазаласа.

\* \* \*

Сыр ғып айтсам мендегі амал осы —  
Жыр кітапқа сүңгі де, жоғал досым!  
Кеудедегі мен-мендік жоғалғасын,  
Жүрегіңнің кірінен тазарасың,  
Тазарасың. Тәңірідей бола аласың!  
Тау қопарар қуатпен ораласың!

## Күн көзі

Күн аймалап, сүңгіні  
Елжіреткен сияқты.  
Мойындаған қатесін  
Тентек бала ұятты.

Қар астынан ирелеңдеп  
Ылай сулар сырғиды.  
Көрі кемпір күйбелеңдеп,  
Жас қыз қақтан қарғиды.

\* \* \*

Күн мейрімге масайраған  
Еридi қыстың ызғары.  
Қайғыны жуып, мұңды шайған  
Қандай жақсы күн бары!

## Тәуекелдің тұлпарына салдым ер

Ақын емен шабытты жыр тербеген,  
Батыр емен қиын кезде ерлеген.  
Көкіректе сөби үміт талпынар  
Сағым сынды дерексіздеу көлбеген.

Сезім — шабыт, шақыра ма кей-кейде,  
Бар табиғат басады бір гөй-гөйге.  
Әсем-әсем құдіретті сөздер-ай,  
Айтшы-айтшылап кеп тығылар көмейге.

Шіркін, аққу сөзді көкке шырқатып,  
Жіберсемші жүрегімді жырлатып.  
Әй, бірақ-та батылым жоқ, қорқамын,  
Бұзармын деп сұлу сөздің сымбатын.

Көкіректі сөби үміт талпынды,  
Құлағымда сыңғыр қағып өн тұрды.  
*Тәуекелдің тұлпарына салдым ер*  
*Таратуға жүректегі жарқылды.*

## Сезім пернелері

Менің ең сұлу сәттерім —  
Мұнайған кездерім.  
Жаудырап қарайтын  
Мөлдіреп кездерім.  
Бейтаныс көрініп  
Өзіме өз демім,  
Бір жылу іздеген  
Сөзінен өзгенің —  
**Аңсарлы кездерім.**

Менің ең сұлу сәттерім -  
Қуанған кездерім.  
Жүрегім жырлайды  
Жанымның сезгенін.  
Бақыттан мұнартып  
Жанады кездерім.  
Тек қана көремін  
Шаттықтан жайнаған  
Жүздерін өзгенің.  
**Құмарлы кездерім!**

Менің ең сұлу сәттерім:  
Мұнайған кездерім  
және  
Қуанған кездерім!

\* \* \*

Ұяңмын.  
Бал сезімді қымтап ұстар.  
Қытымырлау көрінем кейбір тұстар.  
Қылымсыған жалғандық сезімде жоқ,  
Боп жатса да жүректе жарылыстар!

## “Махаббат туралы жыр жазшы”

“Махаббат туралы жыр жазшы”, —  
Деуші еді қолқалап достарым.  
Әншейін іс қой деп болымсыз,  
Еріккен сөз деуші ем бос бәрі.

Рас, тек сыйладым аңызды  
Қос ғашық арманда кететін.  
Жандар сол ең асқақ, ең ізгі  
Кейінге үлгі етіп өтетін.

Жандар сол жаралған ерекше  
Ең биік қоятын мұратын.  
Аянбас. Ғашық жар, керексе  
Өзінің өмірін қиятын.

Елжіреп, егіліп, төгіліп  
Сырларын ағытқан жандарды  
Тұрғандай орынсыз желігіп  
Сан рет жаратпай қалғам-ды.

Осылай жүргенде алаңсыз  
Өзіңе, ардақтым, кез келдім.  
Бір сәт те тұра алмай қаламсыз  
Сол күні -ақ жыр болып өзгердім.

Мүз едім. Айналдым жалынға,  
Үшқындап, лапылдап, өрт демім.  
Оранды көңілім ақ нұрға,  
Өзімді ұмытып кеткенмін.

Тебіреніп толқындай толқыдым,  
Түледім, күн емес, сәт сайын.  
Әр сөзін жүрекке тоқыдым,  
Сырласым боп кетті ақ қайың.

Еркелеп есін де шығардым,  
Өзім де аялап арманды.  
Қашан да табылдым жанынан  
Ол жүрсе, нұр етіп бар манды.

Махаббат туралы жыр жазшы!  
Десеңші қолқалап, достарым!  
Қаламым, талмашы, толғашы  
Махаббат дастанын бастадым!

### **Жырларыңды оқыт деп сұрайсың...**

Қу қыздар-ай, білмекке құмарсыңдар,  
“Жырларыңды оқыт” деп сұрайсыңдар.  
Аңсасаңдар мен құсап сүйгенінді  
Сағыныштан жыр болып тұнарысыңдар.

Қу қыздар-ай, аташы атын дейсің,  
Назданасың, айтар деп өтінгенсін.  
Құпиям ол жүректің түкпірінде,  
Тыныш жатқан көңілге от үрлейсің.

Жігіттердің бір-бір бақ жұлдыздары,  
Сендер асқақ тұрыңдар, құндыздарым!  
Құлпыра бер қытықтап көңілдерді  
Жұпарыңды орынсыз жұлғызбағын.

Бірақ, бірақ қойыңдар мені еркіме,  
Сүйгенімнің тең келер кім көркіне?

Көңілімнің пернесін қозғап кетіп,  
Сағыныштың салмашы мені өртіне!

### Хаттар

Мен талай хаттар алдым.  
Астында қалдым сансыз сұрақтардың.  
Хаттар.  
Хаттар.  
Талай -талай сыр ақтардың.  
Өлең боп өрілген де,  
Зар болып егілген ле,  
Бастан аяқ тәтті сөзбен өрілген де,  
Жел сөзді үрлеген де,  
Құр қампайып көрінген де,  
Көктем боп бүрлеген де —  
Нәзіктіктен өзгені көрмегендей...

Мен талай хаттар алдым.  
Көңілдің астар жағын көп ақтардым.  
Сұрақ қалып,  
Өзгеден жырақтанып  
Жалғыз ғана хат иесіне тұрақтадым.

Сағынышын сеземін алып ұшқан,  
Ақ ниетін ұғамын мөлдір аспан,  
Тілектерін түсінем құп жарасқан  
Солай!  
Солай...  
Жүректер ұғынысқан!

## Сені көрдім...

Сені көрдім де, айналдым мамырға  
Тентек тамшылар атойлап қанымда,  
Бүлкілдеп ағады бір сезім тамырда,  
Бір ерке толқын боп биледің жанымды.

Көрмесе екен деп жасырдым көзімді.  
Кірпікпен қымтадым алаулы сезімді.  
Болмады.  
Болмадың.  
Тербедің жүректі  
Амалсыз.  
Қаяусыз тапсырдым өзімді...

## Сезіну

Сені көрдім де  
Айналдым жалынға.  
Тентек толқындар  
Жүгірді қанымда.

Сені көрдім де  
Айналдым мамырға,  
Әсем өуендер  
Толқыды қанымда.

Сені көрдім де  
Айналдым сәуірге,  
Сансыз қиялдан  
Осым тәуір де!



Сені көрдім де  
Айналдым сезімге,  
Бүкіл жер шары  
Менің көзімде.

Сені көрдім де  
Сезіндім: қыз екем.  
Әлемде бақытты  
Қос ғашық біз екен!

Сенген көңілдің  
Қазығы өзіңсің!  
Қиял патшасы —  
Жаным, өзіңсің!

\* \* \*

Сөз таба алмай қиналдым  
Әлде неше ұмсындым.  
Әлде неше жиналып  
Өз ойымнан қымсындым.

Түспейді жөн сөз ауызыма.  
Шүйкедей болдым бір уыс.  
Ұяттың сыйдым қауызына.  
Дұрыс, әлде нәдүрыс?

Ысқырсаң да шықпадым...  
Шам да мүлдем жақпадым.  
Үйде екенімді білсең де,  
Есікті енді қақпағын!

Қыздың жолы жінішке.  
Үндемеуім дұрыс па?  
Қиялым кетті теріске...  
Жалғыз-ақ өзің ұрыспа. Иә?

### Сен менің өлеңімді оқығанда

Лып етіп бетке ұяттың ізі жүгіріп,  
Қадалдың сәтке кірпіктер тіке тізіліп.  
Ұялта берме, жасыта көрме жанымды  
Жүрмесін жігер үгіліп...

Қалдырған ұмыт үңілдің блокнотқа  
Дір еттім оқыс қарып алғандай бір отқа.  
Жармаса кеттім: “Оқыма оны! Оқыма оны!  
Қой! Тоқта!”

Тындаушы ма едің? Бермейсін менің өзіме.  
“Өзіндікі ме?” деп қадаласың көзіме.  
Бұлтарар жер жоқ. Мойындадым еріксіз.  
Бір мақтаньш сезіне.

Мен сияқты “ақыңыңа” күлме тек  
Ұялтпа және оқимын деп күнде кеп.  
Өлеңдерімді жасырмас кезім әлі алда  
Сыныңмен сенің гүлдемек.

## Жігіт сөзі

Бері жақында.  
Мақұл ма?  
Айтайын,  
Ашағым,  
Сезім қақында.  
Тек  
Сен тартынба!

Ағытам жан сырын  
Сөзім жоқ жасырын.  
Тындашы,  
Шын ғашық  
Қарсы болмайды.  
"Қой" деуің көңілге қонбайды.

Келші ақылға.  
Бермен жақында.  
Үрікпе.  
Көріктім,  
Жайым бар отырған  
Өзіңнің жаққан отында.  
Жақтың ба?  
Лапылдап.  
Жүрмейік қапы ғап...  
Сендің бе?  
Сөндірме!  
Орынсыз күйдірме!  
Жүрмейің айналып көмірге!  
...келші ақылға  
Бермен жақында...

## Қыз сөзі

“Иә” дедім.

“Жоқ” дедім.

Мақұлдадым.

Қорықтым. Һәм қуандым.

Лапылдадым.

Таңғажайып толқындар кезек тартып,

Қақпақылдап жанымды жатырғаны.

Айтсам деген сөзімнен жаңылыпшың,

Осы сенен мөлдірлік назын ұқтым.

Тұрып алдың қол бұлғап көз алдымда

Бекеті боп алыста ақ үміттің.

\* \* \*

Дауылпаздай қанат қаққан биікке

Ақсұңқардай мекен еткен аспанды.

Үлгеріппін асқақ жанды сүйіп те.

Бағалашы сезімімді, жас жанды.

Бір өзіңе ұмтылады жас жаным

Сәби пейіл, алаңы жоқ өзгеге.

Бакытыма ортақ етпе басқаны,

Ере көрме сылдыраған сөзге де!

## СЫҢҚ-СЫҢҚ ЕТІП

СЫҢҚ-СЫҢҚ ЕТІП СЫЛДЫРЛАП  
Төгілуі -ай күлкімнің!  
ШЫМЫР-ШЫМЫР ЕТУІН  
Мына жүрек шіркіннің!  
“Қатты қыз” деп сөгуші ед  
Мені жігіт біткенің,  
Босауын-ай бойымның,  
Құруың-ай жүйкенің.

Шаттық оты асыр сап  
Шарлап кетті денемді.  
Капитаным сен менің  
Басқар өзін кемеңді.  
Әрі мұңды, әрі асқақ  
Көздеріңе шым батып,  
Мен ұмыттым өзімді  
өзгенікі дегенді.

Толқын сезім тербейді  
Алма кезек лақтырып.  
Тереңіне тартады  
Иманымды айттырып.  
Айдыныңды асырып  
Мына ләззат қайтеді-ей?  
Өлдилейді қиялды  
Мамық қолды төтті үміт.

Жанға ашпаған сырымды  
Саған аштым. Неліктен?  
Мендей қызды, жігітім,  
Кезіктіріп көріп пе ең?

Көрмедің бе? Мойында.  
Мен аялап өтейін  
Болатым-ау , шын асыл  
Шыққан жаңа көріктен.

### **Жаным.**

Күлкіңді көргім келіп тағы іздедім.  
Сағыныш жүрегімде тамыз менің.  
Тамыздың тамып тұрған шоқтай күні  
Бұл кеудем өртенуде  
Жалын демім.  
Жаным.  
Тағы іздедім...

### **Көз**

Сабыр да, ақыл да — бөрі бар.  
Жүрекке жақын боп танылар  
Жанымда жүрсе екен жанарлар.

Көзіңнен көремін өзімді  
Тежемей бір сөтке сезімді  
Сүйейін көзіңді, өзінді...

Көзінде, көңілінде тұрайын  
Аяулың, аруың болайын.  
Сен болшы тағдырым, талайым!

## “Бер, бол” дейін...

Бір ақ жанға ересекпін.  
Барлығыңа сәбимін.  
Балалығым күтіп тұр ғой  
Босағада әр үйдің.

Еркелейтін ағам да көп.  
Ерте есейіп не етемін?  
Ересекпін десем дағы  
Еркелеп мен кетемін.

Ризамын, ағаларым.  
Ризамын бәріңе.  
Рахаты мол балалық шақ  
Раушан гүл әлі де.

\* \* \*

Барлығыңа сәби болып,  
Бір ақ жанға ержеттім.  
Бір ақ адам тауып алды  
Бел ортадан дүрмектің.

Осы ма екең бақыт деген  
Ортасында еркемін.  
Оянамын күліп ерте  
О, бақытты ертеңім!

Лықсып келген көңіліме  
Лағыл сөзім төгейін.  
Лайлама өмірімді  
Лайымда, сен дейін!

\* \* \*

Бақытымды бер қолыма!  
Бер, бол! — дейін Өмірге.  
Достық атты кір түспесін,  
Шаң жұқпасың Сенімге!

### Әсер

Сені еске түсірген ән үніне  
Түрдім де құлағымды тындай қалдым.  
Толқыдым. Тербеп сезім мені мүлде  
Тек зорға төзімді шындай алдым.

Жүрек соқпай бір сәтке тына қалып,  
Тулады. Бұлқынады. Ұмтылады.  
Шығардай тар кеудені бұзып -жарып,  
Саған ұшып жетердей жұлқынады.

Сап, жүрек! Сабыр, сабыр... Соңын ойла.  
Ойыннан от шықпасын қылар ойран.  
Байқамай ол қасыңнан өте шығып,  
Бозарып боз өкпеше қалып қойма!



## Наздану

Көзіңнен тінтіп көзімді  
Қадалдың неге тым ұзақ?  
Тінткілей берме сезімді,  
Жүрмеші құрып бір “тұзақ”?

Арбама, мені, жымима!  
Ала алмай сенен көзімді...  
Ғашық боп қалу қиын ба,  
Тұтата білсең сезімді?

...Япырмау, неткен ақ жарқын  
Желпиді күлкің жанымды.  
Күлкінің , бірақ біл нарқын  
Жүрмеші соғып саныңды.

...жаным, сәулем, қылығың  
Әкетті қайда жетелеп...  
Кеудеме еккен шыбығың  
Бүрін ашты жекелеп.

...Жатыр ем тыныш мен шын.  
Ояттың өзің ұйқыдан.  
Сүй енді, қане, сол үшін...  
Сүймесең өзің “бұртиям”. Шын!

## Тағы сағыну үшін бе?

Қоштасарда  
Тағы да айтар сөз бардай  
Тұрдың ұзақ бір орнында қозғалмай,  
Оң қолымнан ұстадың да аялай  
Сүйіп алдың. Сүйіп алдың. Ой, алла-ай!

Бұл қылығың болды мүлдем тосыннан  
Дір еттім-ау, жасқанғандай жасыннан.  
Сен ұзап та үлгермедің. Ал менің  
Көргім келді сені тағы қасымнан.

Саусағымнан сүйіп жүрсің түсімде.  
Мұны әншейін еркелік деп түсінбе.  
Дәл осылай қоштасса деп тіледім  
Тағы...  
Тағы...  
Сағынуым үшін де!

## Суретіңді сүйемін

Сен барда күн де көркем тым  
Сен барда ай да арайлы.  
Шоғына сезім өртендім,  
Бақытқа күліп қараймын.

Ақ таңым ару шолпаным  
Бір сұлу сезім сыйладың  
Жоғалтам ба деп қорқамын,  
Азаяр-ау деп қимадым.

О, күнім алтын нұр төккен  
Нұр төккен, жанды тербеткен.  
Жүректі жырмен сөйлеткен  
Жырымды менің көркейткен.

Айлы түн, арман құшақтап,  
Әкелдің, маған ұсындың.  
Сағымға бөккен бейнеңді  
Бақытым ғой деп түсіндім.

Жолығар кезге асығып  
Тауға күн иек сүйеді.  
Сезімді сенен жасырып  
Бейнеңді ғана сүйемін.  
Суретіңді сүйемін...

\* \* \*

Сүйе тұра “сүйем” деп  
Айтпағанға өкіндім.  
Жолықанда сырымды  
Ақтаруға бекіндім.

Мұндай “ерлік” шықпады  
Қайрап қанша өзімді.  
Өзі де ұғар деуменен  
Тұсауладым сезімді.

\* \* \*

Сөулеленді өзегімде алтын таң  
Жаным, сенің көзіндегі жарқылдан.  
Жанарыңнан өптім, көкем, сиқырлы  
Аумағай деп мәңгі осынау қалпыңнан.

Көкірегімде күн туғандай арайлы  
Саған тілсіз қуанышпен қараймын.  
Бұйралана бұрқыраған шашыңда  
Аппақ, нәзік саусағыммен тараймын.

### Ұнайды

Ұнайды маған  
Тереңде жатқан сезіміңе ғана бас ұратының.  
Жаныңа батқан қасіретіңді де жасыратының.  
Жігерімді жасытпайын деп,  
Жайымды ойлайтының. Асыл ақыным,  
Ұнайды.

Ұнайды маған  
Өзің де байқамай жүрегіме тура жол табатының.  
Тізгінін ылғи тура ұстайтының арман атының.  
Бүкпесіз сырдың ұшығына жетпей  
Елеусіз. Бірақ мен үшін ерекше хат жазатының.  
Ұнайды.

## Қыздың сүйі

Ессіз құлап кеттім де,  
Басымды иіп жолыңа.  
Жан сырымды, барымды  
Беріп едім қолыңа.

Саған ұқсап еш жігіт  
Сүйе алмаған секілді.  
Мендегі от сезімге  
Тие алмаған секілді.

"Жаным" деген сөзді де  
Жалғыз сенен ұққандай,  
Жүрек тулар кезді де  
Жолығудан тапқандай,

Маужыраған табиғат  
Құшағыңда тұрғандай,  
Бар бақытын әлемнің  
Жүрегіме құйғандай.

От сезімге елігіп  
Өзімді өзім ұқпадым.  
Лебізіңе тұншығып  
Уысыңнан шықпадым.

Сөз таусылды, үн бітіп  
Бойда билеп ағын мың.  
Жүрегіме нұр бітіп  
Төңірімдей табындым.

## Пенделерге бере ме екен жүректі

Келеді екен кей сағыныш ұрланып.  
(Жүрегімде жүрді ме екен жырланып)  
Оқыс келіп күрсінтті ғой жанымды  
Жанарыма жас үйірді.  
Ол анық.

Теңізінде сағыныштың тербелем.  
Қайығым бар, қалт-құлт еткен — сен деген.  
Ескегім бар нәзік қолды талдырған  
Сезімім бар саған ғана селдеген.

Алаңдатып күткізіп тұр өзін де.  
Ынтықтырған жеткізіп тұр сөзін де.  
Сол адамды күткенімде сарылып  
О, төңірім, бере көрші төзімді.

Сағыныштың болады екен түрі көп.  
Біреу тілсіз сазарады күтіп бек.  
Пенделерге берді ме екен жүректі  
Тек сағынып жүрсін деп...

## Сенің көзің туралы

Сен:

“Өзен болсаң-асыққан бұлағыңмын,  
Толқыныңмын, тасыған бұла ағынмын”, —  
Деп жазасың, қалқам-ай хатың сайын:  
Жағаңда өскен жайқалған құрағыңмын”

Мен:

Мен өзіңнің көзіңнен бастау алдым  
Бастау алдым. Бақытқа, нұрға қандым.  
Мына кербез даламды кесіп өтіп,  
Жаныңның қайнарына қосылармын.

Жанарың тұнып тұрған тұма бұлақ,  
Өзіне ынтықтырды. Жаным қалап,  
Мөлдіріне сусадым. Қарай бердім.  
Сөйтемін деп тереңге кеттім құлап.

Не дейін? Сені өзімнен серпе алам ба?  
Сенен жырақ мен, сірә, кете алам ба?  
Бауырыңа тығылған ерке елікпін  
Жазиралы, жазықты кең даламда.

## Сен

Маған таңданасың,  
Таң қаласың.  
Ең тәуір ақын менмін  
Және жақсы  
Дүниеде суретші де мен ғанамын.  
Аңғармайсың  
Қиял мен шындықтың  
Жақындығын  
Бөлетін екі арасын.

Сен үшін менен асқан жоқ перизат  
Сөзім қымбат өзіңе  
Күлкім қымбат.  
Мүмкін солай...  
Бірақ та міне — ақиқат:  
Жүрегінде,  
Көзінде тұр махаббат.  
Махаббат!!!

\* \* \*

Ақын мына сенсің ғой, өзіңсің ғой  
Әлемге қарар менің көзімсің ғой.  
Сенімсің ғой.  
Қүдірет, құшақ ашқан  
Шабытымды шалқытқан сезімсің ғой.

Дәл өзің болмағанда қайтер едім,  
Достықтың, қиын кезде, әй, керегі!  
Тағдырымның кәрінен қорғай жүрші  
Саянда саялайын, бөйтерегім!



## Ренжітпе

Арман болсаң  
Қиял боп жетелейін.  
Күйім болсаң  
Күйшің боп төпелейің.  
Әкетейін  
Алдағы күндеріме,  
Аққу жырды  
өндетіп бірге өрейін.  
Ренжітпе,  
Қалдырма көңілімді.  
Сонда мен де жайнатам өміріңді.  
Аландатпа,  
Аңсатпа,  
Аласарма  
Ардақтай біл өмірлік серігіңді.

\* \* \*

Пілте қойсаң жанып кетер үмітпін.  
Ашу мұзын көңіліңнің еріттім.  
Сөз ыңғайын тауып өзін қолдансаң  
Сом темірді балқытатын көрікпін!

## Асықпашы

Асығасың аңсаған арманына,  
Асығасың жетуге жан-жарыңа.  
Асығасың. Асықпас күнің бар ма?  
Асығасың бақытты болмағыңа.

Кейде кейіп қаламын “асықтың” деп,  
Жүрекке мұң енгізіп жасыттың деп.  
Дұрысы: ұрсып жүрмін — сөзіңменен  
Жалынын сағыныштың тасыттың деп.

Бұл — менің ерке назым, сеземісің.  
Сағыныш — өлеңімнің өзегісің.  
Арманың алыс болса, биік болса,  
Қиын деп, қиямет деп беземісің?

Асық, жаным, асығуың дөтке қуат.  
Қаламыма жармастым мен де суат.  
Менің жаным сен жаққа ұмтылады,  
Жүрегіме құяды сөзің шуақ.

\* \* \*

“Сағындым ғой...” дейсің төніп, елжіреп  
Дүрсіл қағып қоя берді бұл жүрек.  
Мен де !!!  
Мен де !!!  
Атқақтайды ол байғұс  
Сол жағымда асыр салып, тепкілеп...

Бірге өткізген күнім ғажап ертегі-ау,  
Жалын демін жүрегімді өртеді-ау,  
Қоңыр үнің сезім қылын шертеді-ау,  
Бұл ғажайып мен білмеген “дерт” еді-ау!

Аспандатып алып кеттің қиялды,  
Табиғаттан таңғажайып сый алдым.  
Ешнәрседен қаймықпаған жанарым  
Тұңғыш рет дәл өзіңнен ұялдым.

Жай басталған сылқым саздай сызылтып,  
Дембіл-дембіл жете бере үзілтіп,  
Күй баурады тамырымды қуалап,  
Жүрегімнің түкпіріне үнілтіп.

Төгіледі құлағыма күй керім,  
Жүрегімнің діріліндей сүйгенің.  
Сен екенсің іздеп жүрген ардағым!  
Осы болды сол сөттегі түйгенім.

## Жүзік

Ұйқылы-ояу күй кештім, қалқам  
Аулымнан алыс аттанғаныңда.  
Жеткізіп саған қалай ғып айтам  
Мұңайып тұрып, шаттанғанымды.

Аптаптан соңғы керімсал самал  
Дел-сал денемде мекендегенін.  
Қуаныш пен мұң қабаттап қамап  
Бар күдігімді бекер дегенін.

Күмбірлеп күйдей төгілген шаттық  
Өзіңнен маған ауысып жатқанын.  
Таңымның арай күлімдеп атып,  
Күн көзін қысып күліп батқанын.

Жайнап кеткенін кішкене өтенім  
Бұл тәулігімнің мейрам екенін.  
Қалайша айтып жеткізер екенмін  
Өзің екенін аңсап күткенім.

Салдың да қолға сен алтын жүзік.  
Серт айттың, соны кигізіп тұрып.  
Лапылдап жанды қандағы үміт  
Жүрегім соққан тек сені сүйіп.

Ұйқылы-ояу күй кештім, қалқам,  
Аулымнан алыс аттанғаныңда.  
Қалайша саған жеткізіп айтам:  
Мұңайып тұрып, шаттанғанымды.

## Жаным-ау...

Жаным!

Мені ренжітпеші.

Өтінгенің

Өкінгенің

Не керек өтіп кеткен соң.

Гүл сабақты қабағым мұңды білмесін,

Нәзік діріл. Бал сезім түгесілмесін.

Сен өзің де білесің — бірбеткеймін.

Оның несін жасырып күлбектеймін.

Шыны көңіл сынбасын. Шаң қонбасын.

Сызатсыз мөлдір болсын деп өбектеймін.

Қайырылмасын,

Көңілім қалса қатты.

Махаббатыңды жылатпа, жабырқатпа.

Көңіл мұны айналса көкшіл мұзға

Еріту мүмкін болмас балталап та.

Ұяңмын. Бал сезімді қымтап ұстар.

Қытымырлау көрінем кейбір тұста.

Қылымсу мен жалғандық сезімде жоқ

Боп жатса да жүректе қақтығыстар.

Жаным, орынсыз ренжімеші, ренжітпеші.

Өкінгенің

Өтінгенің не керек өтіп кеткен соң!

Ашу-дұшпан  
 Айналып жібек лепке,  
 Самал демін  
 Дірілдеп жүзімді өпкен.  
 Қырмызы гүлге айналды көңіл назы  
 Күдік деген өң — өткір тікенектен.

Жеңдім ғой дұшпанымды тітіреткен,  
 Жеңдім ғой қызғанышты жан сенделткен!

### Күдіктенбеші, жаным!

Жолы жіңішке дейді қыз баланың.  
 Сондықтан  
 Сағынышымның бебеу қақтырғанын,  
 Кірпік ілгізбей танды аттырғанын,  
 Түсімде де сені іздегенімді.  
 Іздегенімнен  
     өзге ештеңе сезбегенімді.

Ұқсас үнге де елеңдегенімді,  
 Елеңдегенімді  
 Сол сәтте келер дегенімді.  
 Таныс тұлғаға үңілгенімді,  
 Елеске еріп жүгіргенімді.  
 Қуып жеткенде  
 Үмітім алдап,  
 Жаңылғанымнан түңілгенімді.

Күтуге тағат таппай қалғанда  
Сыймай кетерімді мына жалғанға.  
Осының бәрін  
Өзіңе, жаным,  
Айта алмай жүрмін.  
Айта алмай жүрмін.

Қазақ қызымын  
Ұяң мінезім.  
Тереңге тығатын  
Қымтап сезімін.  
Онайлықпенен сырына бойлатпас  
Ашып-шашпайтын  
Асыл арманын  
Жүрек түбінде тұндырып сақтайтын.  
Мен дағы сондай қазақтың қызымын.  
Күдіктенбеші, жаным.  
Жолы жіңішке дейді қыз баланың.  
Жан сырымды жат көзден қызғанамын.

Әйтпесе  
мендегі сағыныш  
Алатауға бітсе  
ол да күрсініп сенделер еді!  
Көк өзенге бітсе  
Ең кемі арнасыңнан бір асып барып  
жөнделер еді!  
Сайын далаға бітсе  
Қып-қызыл гүл боп өзгерер еді!  
Менің сағынышыма не тең келер еді?!  
Не тең келер еді...

## Қызғаныш

Күдіктенбеші.  
Бекем-ақ сертім менің.  
Мен өзім де  
Қызғаныш өртіндемін.  
Білемін ғой  
Жаныңды жаралайды,  
Талай айға бөліп ап дертім менің.  
Күрсінбеші. Бекем-ақ сертім менің!

Ал мен болсам  
Қызғанам сені уақыттан.  
Бөлетұғын  
Бір тапқан нұр бақыттан.  
Ажыратқан, аңсатып дауысыңды  
Зымырап ап тоқтаусыз өтіп жатқан.  
Шыныменен қызғанам сені уақыттан!

Қызғанамын  
Шаттықтан, үміттерден  
Өзім жоқта үйіңе күліп кірген.  
Қайғыдан да,  
Қасыңда болмаған соң,  
Етегіңнен тартатын күдіктерден.  
Қызғанамын  
Беймезгіл күдіктерден.



## Гүл сыйладың

Гүл сыйладың,  
Гүлмен бірге сезімді.  
Қоса ұсындың,  
Соны ғана сезіндім.  
Сезіндім де жұпарымен сол гүлдің  
Нұрлы, тәтті қуанышпен көз ілдім.

Сенесің бе, мен түс көрдім, алтыным.  
Гүлді алқапқа жалатты күн жалқынын.  
Қызыл-жасыл, қызыл-жасыл көп гүлге  
Тиер-тимес, тиер-тимес қалқыдым.

Күнді бетке ап  
Қауырсындай жеп-жеңіл  
Ұштым деймін қанатсыз -ақ көкке бір!  
Төменде гүл  
Қол бұлғаған тілекші,  
Төбемде аспан  
Төңкерілген зеп-зенгір...

Гүл сыйладың,  
Гүлмен бірге сезімді.  
Қоса ұсындың,  
Бал-бұл жанған кезімді.  
Гүлдер, гүлдер  
Біз үшін де сөйледі:  
Нәзіктікті,  
Адалдықты,  
Төзімді.

## Түсімде ұштым

Бал-бұл жанып ояндым да түсімнен  
Жақсылыққа жорыдым да ішімнен,  
Жасыра алмай ақтарып ем көршіме,  
Былай деді кекесінді пішінмен:

“Мүмкін емес, мүмкін емес мұныңыз!  
Баяғы бір түсті қоя тұрыңыз.  
Бала кезде біз де ұштық. Ал қазір  
Басып жатыр қайғы менен мұңымыз.

Сәбисіз бе, сұлу сөзге сенетін?  
Айтқан сырдың бәрін де шын көретін?  
Жылдар кірі басқан жоқ па жүректі?  
Мен емеспін түсіңізге сенетін!”

Деді дағы, жапты есігін алдымнан,  
Бір соққандай жүрегіме алқынған.  
Мың құмырысқа жортып өтті жотамда  
Мысқыл етіп қарап тұр ма артымнан?

Түсімде ұштым! Айтам несін өтірік?  
Қаймақ көңіл. Кеткен көршім түкіріп.  
Біреу ұғар, біреу сынар. Әйтсе де,  
Жыр жолына түсірдім мен отырып.

Қуанышқа жүреді еріп қалмай мұң.  
Өмір заңы осы ма деп толғаймын.  
Мен сөзімді пәк көңілмен қабылдар  
Ғажайыпқа сенгендерге арнаймын.

Сенім шақпақ. Көңіл отын жағайын.  
Жүрегімнің жалынына орайын.  
Жақсы сөзден жарым ырыс күтетін  
Қажетіңе жарар болсам, ағайын?

### Кешір, жаным

Кешір, жаным,  
Үмітіңді алдаған болсам?  
Алдаған болсам  
Жүрек үлпілін сезіне алмаған болсам.  
(жалғыз қалғанда  
Жанымды қинап  
Басымда сұрақ қаптаған мың сан)

Өрлігім ұстап  
Алдыңда басымды имегенім-ай!  
Сүйе тұра  
Құшағыма алып сүймегенім-ай...  
Сені жігітке санамағаным-ай,  
Қолыңды қағып  
Қоштасуға да жарамағаным-ай...  
Көңіл құсының алып ұшқаны-ай  
Кереғар сезімдер арпалысқаны-ай...

Білемін, жаным,  
Ренжіп кеттің  
Тура сөйлемей бұлтарғаным,  
Көзқарасыңнан жалтарғаным,  
Ыстық ықыласыңды  
Суық ызғармен тойтарғаным.  
Бал шырғын толы гүлді кесенді  
Демін де татпай қайтарғаным.

Көңіл бағыңда құлпырған раушаныңды  
Ағызғанымды жалпақ ағынға...  
ағызғанымға  
жалпақ ағынға.

Тағдырыма көнермін дегем...  
Тістеніп-ақ өлермін дегем...  
Өз отымның жалынын басып,  
Тұншықтырып-ақ сөнермін дегем...

Ал, бірақ, міне,  
Жанымды менің өртеп сағыныш.  
Ұят пен аңсау,  
Үміт пен күдік,  
Сезім мен ақыл,  
Кезек тербетіп  
Жүрек жаңбырын күнде селдетіп,  
Жатыр бұрқанып жасап жарылыс  
Жанымды менің өртеп сағыныш!

\* \* \*

Келеді сол бір  
Кездескен шақтай  
Сыңғырлап күлгім!  
Саң сұрақ төлдеп  
Қиналып жүрмін.  
Оралсаң болды,  
Қол алсаң болды  
Нұрлы таңыма  
Бірге аттануға  
жиналып жүрмін  
Жиналып жүрмін.  
Кел!

\* \* \*

Махаббаттың қайғысы бөлек екен,  
Мұң тербеді жанымды алабөтен.  
Елден ерек пашақтап қуанышты  
Елден ерек уайымға салады екен.

Дұрыс болар? Дәрмен жоқ қарсы тұрар,  
Сырымды бөлісті тек ай -жұлдыздар.  
Махаббат тек екеуге ортақ дейді  
Жұрттан оқшаулануым содан шығар?..

\* \* \*

Жүректің төрт бөлігін  
Толтырып төтті жырға.  
Көңілдің күнделігін  
Бөктіріп асыл сырға.  
Жолықтың қайдан ғана  
Малынып ғашық нұрға?  
Тағатсыз үлпілдеймін  
Жүректей қанға толы,  
Өлеңнің өзіңдеймін  
Армандай әрбір жолы.  
Айналдым перизатқа  
Ынтыға созар қолды...

## Сүйемін бе?

Сүйесің бе? Дейсің сен...

Сүйемін бе?

Қандай жұмбақ бар менің жүрегімде?

Үңілейін сенімен бірге өзім де,

Мен өзімді, сезімді білемін бе?

Айта алмаймын. Тербейді сезім қандай?

Қуанышпен қараймын көзімді алмай.

Келбетіңде, көзіңнің тереңінде

Сенім бардай, телмірем көзім талмай.

Білмей қойдым. Заңы ма табиғаттың.

Жылы сөзбен жанымды жадыраттың.

Бұлақ болып тасыған бұла сезім

Көңілдің жайлауында қарғып ақты.

Жек көрудің білмедім жолын, тіпті.

Сүю, бәлкім осы ма, кім біліпті?

Ренжіткен кезінде жылап тұрып,

Еркелетсең. Алғаусыз мен күліппін.

Аян сенің Қозы да еместігің,

Менен Баян шықпайды. Түсін мұны.

Мен өзімше сүйемін.

Сен өзіңше.

Болмас бірақ сезімге кемістігім.

Біздің жырда жоқ Қодар, Қарабайлар

Аңқаулық жоқ. Жоқ және арам ойлар.

Күрес те жоқ деп жүрме жаңылысып,

Билеп кетіп жүрмесін жалаң ойлар.

Тоғышарлық — бәрінен қауіптірек,  
Махаббатқа адалдық — алтын тірек.  
“Сүйем” деген сөз жеңіл желпілдесе,  
Көңіл көлі қалайша мөлдіремек?

Мен күресем арымның ақтығы үшін.  
Ақ ар үшін. Жүректің шаттығы үшін.  
Биік тұрған бәрінен арман үшін.  
Аярлықтың біздерге жаттығы үшін!

Мөлдір тұма бастауын махаббаттың  
Бар күшімді аямай қорғап бақтым.  
Ылайламай. Шашпастан бір тамшысын  
Ұсынамын өзіңе мен, қымбаттым!

Қабыл алшы тағдырдың асыл сыйын.  
Түйгенім сол — өмірден осы бүгін.  
Мойындадым, өзіңе, сырымды ашып,  
Ескерткіш боп қалсыншы осы жырым.

## Экспромт

Еркелейін,  
Еркем менің,  
    күлімде.  
өртенейін,  
өрте, мейлің,  
    сезімге.  
От тілегің,  
Отты лебің,  
    сезінгем.  
Күнім дей берші,  
Күлімдей берші,  
    өзіме!  
Жаутаңдамашы,  
Тура қарашы  
    көзіме.  
Жалындайыншы  
Жаным дейінші  
    кезінде.  
Бұл шақ та өтер,  
Басыңды көтер,  
    безінбе.  
Өкел қолыңды,  
Жетер жолымды  
    сезіндім.  
Келін боп үйге,  
Қызық бір күйге  
    енгенше  
Сертім берік-ақ,  
Тұрмын көніп-ақ.  
    Ал, ендеше!

(дәрігерлер күйеуге шығуға, бала тууға тиым салған)



## Қыз болып тудым бекерге

Қамықтым қатты, қалқам-ай,  
Қымсынып сырды бүккенге.  
Бермеді тіпті тоқтам-ай,  
Сезімім сел боп төккенде.

Айтқым да келді ақтарып,  
Алқынған ойды кеудеде.  
Қаққым да келді қайтарып,  
Төніп бір ерінің келгенде.

Ұяттан бетім өртеніп,  
Тура да қарай алмадым.  
Сүйгенде  
    Бойдан от өріп,  
Жалындап сәл-ақ жанбадым.

Қыз болғам екен бекерге  
Болсамшы досың сыры бір.  
...табиғат билік құрғанда  
Майыстым гүлдей,  
    кұрығыр....

## Ризамын тап келген тағдырыма

Осы құшақ дәл мені қорғап қалған:

Өсекшілдің ұзарған от тілінен,  
Күншілдердің қып-қызыл кірпігінен.  
Жамандықтың бөрінен арашалап,  
Алып шыққан күйдірмей отты күннен.

Осы пейіл көңіліме күн сыйлаған,

Шабытымды қайтарған қиқулаған.  
Өзімен биік көкке алып ұшып,  
Дүрсілінен жүректің сыр тыңдаған.  
Осы құшақ жүрекке күн сыйлаған.

Осы жүрек өмірге қайта әкелді,

Көңіл көкжиегіне күнді өперді.  
Осы көңіл ажалды қақпайлаған  
Мен де саған түсірмен көлеңкемді.  
Ашайыншы алдыңнан жыр өлкемді.

Қиын кезде тап келіп тағдырыма:

Құшағыңа жатсынбай алдың мына  
Сол себепті сен үшін шуақ шашып  
Аймалайын айналып таң нұрына,  
Ризамын тап келген тағдырыма!

## О, адам жаны!

О, адам жаны!  
Төзімді ең неткен?  
Қиналып төнім  
Қалжырап біткем.  
Қол бұлғап тағы шақырды алға  
Үзілмей үміт, күлімдеп көктем.

Аңдыды ажал кезімді менің,  
Кезімді менің-төзімім кемір.  
Көнбеді дене. Бір уыз қайрат  
Бұлқынды ыршып. Алды бір демін.

Көзімнің шығын сарыққам жылап,  
Шалдыққан сәтте бір көмек сұрап,  
Бір сілкіп алға шығарды мұрат!  
Жүректің түбін сүңгіген қуат!

Қайғы ма, мұң ба — жейтұғын жанды?  
Алатын бойдан бар қуат-әлді?  
Таңырқап Ажал басымда тұрды:  
“нөп-нөзік бұл қыз неге өлмей қалды?”

Жүректе әлсіз бір тамыр бұлқып,  
Оятты менің жанымды жұлқып.  
Өкелді мені өмірге қайта  
Махаббат атты сезімім сілкіп!

## Наз

Көңілімде ала құйын, ақ бұрқақ,  
Қарамашы маған бұлай таңырқап.  
Ұзақ күтіп, ұзақ аңсап жүрген сон  
Қалғандаймын...  
Тұрғандаймын жатырқап.

Сағыныштың пернелері безектеп,  
Мұнды әуенді төгіп берді кезекпен.  
Көз жасы емес  
Буырқанған бұлақ қой,  
Бақыт нұры ол  
Жарып шыққан өзектен.

Сезім өртеп  
Жүрек жалын  
Жаным от...  
Сынамашы,  
Сын көтерер жайым жоқ.  
Қиналғанда болмағаның қасымда  
Өкініш боп күйдіреді жалын -шоқ!

Болды, жаным!  
Міне, міне, тоқтадым.  
Өкпем еді, назым еді — айтпағым.  
Қолыңды ұстап, көздеріңе шым батып,  
Бірге бассам тіршіліктің соқпағын.

## Бермеші тыныштық — мылқауға

Сансырап шаршаған кезімде,  
Кезімде қалжырап көз ілген.  
Осы бір тыныштық жүйкені  
Талдырды...  
Мен содан безінгем.  
Бір қарап құтқаршы көзіңмен.

Түсіме ене бер күнбе-күн,  
Жүрекке тыныштық бермегін,  
Жаулап ап жүрмесін түрме-түн.  
Қиналдым. Қасыма кел менің.  
Сезімге шөлдеген пендемін.

Болдырды қиялдың тұлпары  
Атпай тұр шабыттың ақ таңы  
Оқтаудай сірескен әр сөзім  
Солардан мен сұмдық қорқамын  
Қаламым бұлтылдап тоқтады.

Ду-думан шулы шақ жүр қайда?  
Шақ тұр-ау жүрегім соқпауға.  
Өзіңсіз байыз жоқ көңілде  
Бақытты сәттерін жоқтауда.  
Бермеші тыныштық-мылқауға!

Құтқаршы көзіңмен бір қарап,  
Табайын назыңнан мархабат.  
Биіктеп қалайын, аяулым,  
Көзіңнен шүпілдеп шапағат,  
Жүректе үлпілдеп махаббат.

Етегі жоқ, жеңі жоқ  
Сезім шіркін осы ма?  
Неге осы жігіттің  
Жүргім келер қасында?

Неге көздің жарқылын  
Теңеймін кеп жасынға?  
Неге тәтті толқынмен  
Ой келеді басыма?

Күтемін мен неліктен  
Келер кезін асыға?  
Көп негелер шырмады  
Көңіл шіркін жасыма!

Жетім бота төрізді  
Боздап ерген қосынға.  
Сүйем тілсіз, дәрменсіз  
Өзім содан шошына.

Аяғы жоқ, басы жоқ  
Сезім шіркін осы ма?  
Айналса деп тіледім  
Ең ардақты досыма.

Иемденіп төуірді  
Жинап өтер қасына.  
Өзімшілдеу жаралған  
Қыз көңілі осы да!

\* \* \*

Сәл нәрседен қысылып бозбаладай  
Жанарыма үнілдің жалтақ-жалтақ.  
Бойжеткендей сасамын —  
Сақта құдай —  
Саусақтарың жанасса қорқа соқтап....

### Аңсау бақыты

Неғұрлым назын айтса, еркелесе,  
“Сағындым. Сен жанымнан кетпе” десе,  
Артық сөзге бармаса, болып бәсең  
Дермін-ау, шын сүюде кетпеді есем.

Неғұрлым аяласа, еркелетсе,  
Барса да қайда, бірге ерте кетсе,  
Назы жүрек жандырып өртеп өтсе,  
Сол жалыннан — арман жоқ — өліп кетсем.

Осылай ғой. Осы ғой. Сенсің. Өзің.  
Тұтқын еткен ақылды екі көзің.  
Ынтық еткен сабырлы шыққан сөзің.  
Сабырымды сарыққан тағы да өзің.

Аңсауымның болмады шегі мүлде,  
Түсімнен шықпай қойдың күнде -күнде.  
Қимаспын. Қамығармын. Жабығармын.  
Жоғалтсам бұл сезімді ада-күде.

Аңсауда да барлығын бал бақыттың  
Сағынышым үдеген шақта ұқтым.  
Шықтым тағы шыңына бір биіктің.  
Сағындырма. Сарғайтпа. Кел, сүйіктім!

## Ешкім мені...

Ешкім мені өзіндей мақтамаған  
Мойын бұрып біріне тоқтамағам.

“Сұлусың — деді бірі — таңғажайып!”  
Өтірікке қалайша иланайық?

“Әдемісің” — деп бірі бағалады.  
Көңілім толмаған -ды оған дағы.

“Ерінде мең — бақыттың нышанасы.  
Деді бірі: — бағыңнан қарайласшы”

“Қарапайм сен әрі сүйкімдісің”  
Дедің-ау сен. Бағамның әділі шын.

Ғажаптығым сол еді-мейрімділік.  
Көріп қойған сен тұңғыш өзің біліп.

Бағам сол-ды : — мінезім қарапайым.  
Сен үшін ащты есігін жан сарайым.

...ешкім мені дәл сендей мақтамаған.  
Мойын бұрып біріне тоқтамағам...



## Махаббат ұясын күзету

Мен қайттім, жаным?  
Кеудемнен керім бір аңызға күй кешіргенім...  
Ала алмай қойған қос жанарымнан  
бір өшім керім...  
Аязы қысқан ақ қырау қыстай  
Ызаның бүріп...  
Жаныммен  
Жалын кешіп жүргенім...

Мен қайттім енді?  
Екі аяғыммен тең басып тұр ем.  
Жақсыларменен тілдесіп едім,  
Жамандарменен ырғасып жүр ем...  
Қысқасы,  
Мынау өзге пенделердей  
Нұр кештім кілең.

Өзің кеттің де  
Жанды күйзелттің де  
Теңселттің білем...  
Қайтейін, қалқам?  
Сағыныш өтіп  
Сарғайып кеттім.  
Жолыңды ұзақ күттіріп  
Жаным  
Неге мені жәутендеттің?

Ұясына төнген жыланнан  
шошып безек қағатын  
Қарлығаш сынды мен шыр-шыр еттім.  
Қалқам-ау, қалай көңілің қиып  
Көз көрмес қиырға сен ұшып кеттің?!

Сұғанақ көзден,  
Сап-салқын сөзден,  
Өрттей өсектен,  
Бейәдеп қимылдан,  
Қиғаш атылған қиқар кесектен,  
Ап-ауыр бұлттан  
Уайым жасын төккен... —  
Бәрі-бәрінен  
Махаббатымды  
Мен жалғыз күзеттім.

Мен шаршап біттім.  
Тезірек орал, Ата көгершін!  
Махаббат атты перзентімізді  
Қырық қауіптің бірі жемесін!  
Балапан сезім мәңгі жайнасын.  
Ұзақ сайрасын.  
Мәпелейікші.  
Бұл істе өзің болшы демесін.  
Алтын ұяңның иесі өзің бол!  
Менің төрешім!  
Қашан келесің?

## Солай, жаным

Солай жаным!  
Жол бітсінші, бітсінші!  
Сенің жолың маған келіп жетсінші!  
Жолығулар болсын дағы мәңгілік,  
Айырлысу болсыншы тек өткінші.

Солай , көкем!  
Босқа мені аңсатпа!  
Жол жалғыз-ақ  
Алыс — алыс тұрсақ та.  
Аңсауымыз аяқталып қос қолда,  
Қуаныштар туындасын құшақта!

## Ұялшақ махаббат

Менің махаббатым тым ұялшақ-ау  
Қанша ынтығып жүрсем де қиялдап-ақ,  
Жолыққанда жалынды сезімімді  
Сен түгілі өзімнен қымтап бағам.  
Қымтап бағам. Осы шақ қымбат маған.

Қолдарыңның қызуын сезінемін,  
Әдеп деген електен сүзілемін.  
Асылмасам мойыныңа, өкпелеме,  
Жолатпашы тек қана сезімге мұң,  
Сен туралы ойлармен көз ілемін.

Түу әріден, жүректің түкпірінен,  
Өзіңді ансап күтетін көп күнімнен,  
Шымыр қағып шығады қуанышым  
Таңырқар жан сол кезде мені көрген,  
Күн арайы шашылған кірпігімнен.

Сен келгенде, әйтеуір, өзгеремін.  
Кейде бергім келмейді сөз кезегін.  
Өзің жоқта қалғандай уақыт тоқтап,  
Суретінді күніге жүз көремін.  
Келсең болды, әйтеуір, өзгеремін.

Өтсін уақыт, жылжысын жылдар, мейлі,  
Жалын сезім қызуы өзгермейді.  
Тынши алмай бұлқынар қайран жүрек  
Дидарыңды көргенде күн мерейлі,  
Алғашқы кездескендей үлпілдейді.

Қалай айтам жеткізіп мұнан әрі?  
Сені мендей сүйе ме жұрттың бәрі?  
Бұла сезім бұлқынған бұлдырықтай  
Өмірімнің болып тұр әсем сені.  
Көңілімнің болып тұр әдемі әні.

Келсең болды, әйтеуір, өзгеремін,  
Тапқандаймын жүрекке не керегін.  
Жанарыңның жалынын сезген едім.  
Мұңаймашы, мен сендік, адал антым  
Міне қолым! Өзіңе сөз беремін!

### Ауылды аңсау

Мынау жалпақ ғаламда  
Жаным жабырқағанда,  
Ортасында көп елдің  
Тұрып жатырқағанда.

Жан жұбатар сен өзің,  
Сенің хатың, сөлемің.  
Сенің сөзің, өлеңің  
Болды жалғыз тірегім.

Өзгерді ме дүние,  
Өлде өзім өзгердім.  
Түсінбейтін болдым ба  
Астарына сөздердің?

Кеуде толды арманға  
Қамашауда қалғандай.  
Кірерге жер таппаймын  
Басынып сөз салғанда!

Тарылды ғой тыңысым  
Тарықтым-ау мен шын.  
Бүйтіп еркелегенше  
Мақау болам, құрысын!

Қайран туған жерім -ай  
Өзілге бай, тілге бай.  
Майпаз келер сөздері  
Апа, жеңгелерім -ай.

Еркелетер еліктей  
Шіркің, жезделерім-ай!  
Жігіттер-ай, майда тіл  
Қыз мінезділерім -ай!

Шоқпар тіл мен оқтау сөз  
Көңілімді басты тез.  
Дөрекі өзіл, дөкір ой  
Енді маған келді кез.

Сөзбен орап еседі  
Сүйкімдісің деседі.  
Мақтағаны құрысын  
Көзбен тінтіп шешеді.

Дейді өздері “қатырдым”  
Көтере алмай жатырмын.  
Жүдеп кеттім өтіп сөз  
Жұбат өзің, ақылдым.

Жаздым арыз жабырқап,  
Өз күніме назырқап,  
Барлық жайды тізер ем  
Жеткізе алса осы хат.

Әлде өзгерді айбыным  
Түсіне алмай болдым мұң.  
Жүрмін әзір малтығып  
Ортасында қайғының.

Ардағыма мен қазір  
Қойдым сені теңгеріп.  
Баяғыда назыңды  
Отырушы ем ең көріп.

Сүйсең дағы аялап,  
Жетіп өзер қиялап.  
Артық сөзбен жанымды  
Алмайын деп жаралап.

Бар ісіңе мін тағып,  
Ашуыма бұрқанып,  
Жолатпаған кезім -ай  
Болмашыға бұлданып.

Асып бағаң он есе,  
Он емес -ау, жүз есе.  
Тірек еттім атыңды  
Қайрат қажып, жүдесем.

Шымшып жүрген сөзбенен  
Қалып көңіл езбеден.  
Қиял құсы талпынып  
Жүрек сені іздеген.  
Жүрек сені іздеген.

## Ән

Көңілді тамсандырып  
Соққанда тау самалы,  
Өмірді жасандырып  
Жүрегім ән салады.

Ұялтпа “ән салшы” деп,  
Білесің, әнші емеспін,  
Бірақ та әншіліктен  
Жүрегім құр демеспін.

Сен көпке қарап айтсаң  
Бұлбұл деп тамсанады.  
Мен саған арнап айтсам  
Жүрегім ән салады.

Ешкім де мұндай әнді  
Дәл мендей сала алмайды.  
Жүректің әні сәнді  
Ештеңе тең болмайды!

Мүмкін мен жеткізе алман  
Көңілің толмай тұр ма?  
Жүректің өзі айтқанын  
Тенгеріп болмайды да!

Жаным, сен құлақ емес  
Жүрекпен тында мені.  
Естуің мұрат емес  
Жүректе сенің демің!



## Сағынтқан жаз

Өміріме жаз келіп  
Жадырадым желпініп,  
Көңілімде күн күліп,  
Жүрегімде жыр тұнып.

Ұмтыламын күн жаққа,  
Қыздырыңып шуаққа.  
Бәрі сондай тамаша  
Бәрі қымбат бұл шақта.

Көңілімді қарып мұн  
Таза ауаға тарықтым.  
Жібек желін, самалын  
Сағынып-ақ қалыпшын.

Қалт-құлт ұшқан көбелек  
Жатырқама, қона кет.  
Өрмекшім жет өрмелеп  
“хат келер” деп сыбыр ет.

Үілдеген көгершін  
Неге қаша бересің?  
Бәлкім қонып иығыма  
Қуанышқа бөлерсің?

Тентек бұлақ, аман ба?  
Қайда тартың сыландап?  
Жолың болғай әманда  
Күтіп жатыр құмар бақ.

Сәлем! Анам-табиғат!  
Жағам жайлау, жаным шат.  
Тұтқынынан төсектің  
Құтылдым-ау саламат!

**Қаз НИИТ-тің ҚХО бөлімінде бірге емделген  
Зейнеп апама**

Түс еді бұл өлеңді жазған уақыт  
Бір уайым бойды билеп шымырлатып,  
Сағынып ата-ананы, дос -жолдасты  
Өзімді жатыр едім құр жұбатып.

“Жаз — дедің — бір өлеңді альбомыма”.  
Жармастым мең де дереу қаламыма.  
Жазайын. Сөздің несін аяп қалам?  
Тізейін ілінгенін қармағыма.

\* \* \*

Алматы көшен сәнді, қалың талды,  
Өзіңде осы қызың талаптанды.  
Қанатым сынық болып, еркін ұшпай,  
Тығылып бір бұрышта арман қалды.

Жаз қазір. Сенің көркің жайнап тұр-ау ,  
Бар көркің көкірегімде сайрап тұр-ау!  
Қу ауру бұл төсекке таңып тастап,  
Көңілімде нала мұңым қайнап тұр-ау.

Ағаш төсек, тас бесік жатағымыз,  
Шілде. Бірақ жүреkte жатады мұз.  
Асыр салып бірге өскен құрбы -құрдас  
Алыс қалды туған жер-отанымыз.

Төрт қабырға төрт жақтан төніп тұрған.  
Дүниені осылар бөліп тұрған.  
Жатамыз тағат таппай күтуменен  
Хаттарды сағындырған, зарықтырған.

Өн салсақ өншіліктен емес тегі,  
Жыр жазсам ақындықтан емес еді.  
Жабыққан жүректерді жұбатуға  
Өзімше ойлап тапқан егес еді.

Көңілім Алатаумен теңеседі,  
Сағынышқа оранған елес еді.  
Өлпештеп аялаған анашымның  
Сағындым алақаның, кім сезеді?

Борышым әке алдында өтелмеді,  
Көкірек қан жылаумен өтер ме енді?  
Қоссам да күнде атыңды өлеңіме  
Дауысым құлағыңа жетер ме енді?

Білмедім алты ай бойы жоқтығыңды  
Үкілеп көтеруші ең шоқтығымды.  
Сапарға соңғы қолдан аттандырмай  
Өкініш өзекті өртеп қақ тілінді.

Аға жоқ тағы алдымда еркелеткен  
Ол дағы дүниеден ерте кеткен.  
Солардың қамқор сөзін аңсағанда  
Көзімнің жасы жерге тимей кеткен.

Бауырың қанат-құйрық деседі ғой,  
Жастығы құлындардың түсіреді ой.  
Қанат-құйрық жетілсе, шарықтасам  
Дең қиялмен ой мұхитын кешемін ғой...

Керек-ақ қиын кезде достық лебіз,  
Жылы сөз жанға жақса, “семіреміз”.  
Шыдадық не де болса бұл тағдырға  
Ежелден қайғы менен бақыт егіз.

Шипалы дәрігердің қолыменен  
Бұрынғы науқастардың жолыменен,  
Өмірге қайта оралып, бақыт тілеп  
Жатамыз күндер санап соныменен.

Болған соң тартқан бірдей азабымыз  
Болған соң және ұлты бір қазағымыз  
Зейнеп апа-ау, бар сырын айта салды  
Бөлмеде бірге жатқан бұл сіңліңіз.

Ал апа, мұң шақты деп сөкпегейсің.  
Орынды болса неге өкпелейсің?  
Есіңе ап жүр қызы деп бір қазақтың  
Осы күнді ұмытып кетпегейсің.

Көңілдің, айта берсе, арманы көп,  
Бұл сөздің сірә тағы жалғаны жоқ.  
Тағдырым отқа салды, суға айдады  
Бөрібір бой ұсынып қалғаным жоқ!

Жазғаным осы саған шағып мұңды  
Көңілім көп жаманнан қалып тынды.  
Секілді өзіңе ұқсас жылы жүрек  
Жеткізбей мені өзіне зарықтырды.

Сағыну, сүю деген не екенін,  
Сезініп осы кезде жыр етемін.  
Өзіңе, дос жүректі аялайтын  
Ұсынып, өлеңімді гүл етемін.

Осымен доғарайын сөзді түйіп,  
Жаманды жақтыртпаймын жаным сүйіп.  
Дариға-ай, жетер ме екем арманыма  
Бақыттың қарар кезі бізге күліп?!

### Зәкеңе

Тағыр айдап, дәм қосып болдық жолдас,  
Әзіліміз жарасты-бейне құрдас.  
Күндер зулап өтер-ау сағындырғаан  
Бір орнында, сірә да, уақыт тұрмас.

Қауіптің де көбі ауып, азы қалды.  
Жан қинаған бұл дерт те жазылар-ды.  
Ораларсың ауылыңа бірер күнде,  
Қуанышқа қуаныш қосылар-ды.

Өлең серік болсыншы жаныңызға,  
Гүл бейнелі перзенттер бағыңызда,  
Ата-ана, тума-туыс, бауырларды  
Қуантып, тез жетіңіз аулыңызға!

## Жазбай кетіп едім-ау көптен өлең

(Бірге емделіп жатқан Нұрбике туған күніме  
өлең жазшы деді.)

Жазбай кетіп едім-ау көптен өлең.  
Қалам зулап, құмардан қызды денем.  
Қуанышты күнінде, Нұрбике апа,  
Аппақ нұрдай балқиды көңіл деген.

Бірге өтті талай күн қамығулы,  
Білмеп едің сен бірақ жабығуды.  
Ер жігітке бітпеген төзімің мен  
Ерлігіңді бұл сіңлің сағынулы.

Қалды бәрі кейіндеп азаптың да,  
Дәмі мұндай болмас-ау тозақтың да!  
Мойынсұнбай бәрінен өр өттіңіз  
Ерік бермей ауруға, азап -мұңға.

Жүректе, айта берсе арман көпсің.  
Өзің айт, қай сөзімді жалған депсің?  
Тағдырың отқа айдады, суға салды,  
Біріне бой ұсынып қалған жоқсың!

Азаптың көбі кетіп, қалды азы.  
Уақыттың өтті қысы, қалды жазы.  
Жібектей мінезің мен өзіліңе  
Құрбың мен сіңлілерің қызығар-ды.

Құтты болсын айтамын туған күнің!  
Ұсынам сыйлық етіп көңіл гүлін.  
Зулап кет екі аяққа еркін мініп,  
Қондырып көкірекке бақыт күнін!

## Дәрігерлерім менің

Пішінінді өзгертетін ауыр-ауыр дерттерден  
Қиын не бар науқас жайын зерттеуден?  
Ақ халатты абзал жандар жалықпай  
Ап шығасың апатты ауыр — өртеннен.

ҚазНИИТ-ке науқас үміт артады.  
Алғыстарын ағыл-тегіл айтады.  
Іздеп келген сан үміткер ауылына  
Қуанышты серік етіп қайтады.

Одақта да озып сенің тұр атың.  
Отаныңда ауру қоймау — мұратың.  
ҚХО -ның скальпельді ерлері  
Ғажайыптың өзі деуге тұратын.

Жаның жүдеп келген кезде мұңайып,  
Арашалар ауруыңнан ылайым.  
Жалғыз өлең аздық етер, дұрысы  
Бас -басыңа дастан жазсам ылайық!

Ақша қардай аппақ-аппақ жүректен,  
Өздеріңіз қуанышпен түлеткен.  
Жана жылдық құттықтауды қабыл ал  
Көмкерілген ыстық ықылас тілекпен!

---

1. ҚазНИИТнаучно-исследовательский институт  
туберкулеза (кұрт ауруларын зерттейтін  
институт)

2. ҚХО-костно-хирургическое отделение  
(сүйек-буын зерттеу бөлімі)

## Бақыт Қабылтаевичке

Қымбатты дәрігерім алтын қолды.  
Бақытты тағдырыма аштың жолды.  
Риза ақ жүректен жыр арнадым,  
Өзірге қолдан келген осы болды.

Жасымда тентек өстім ерке болып,  
Жүгенсіз, ер тоқымсыз атқа қонып.  
Ауылды үш айналмай түспеуші едім  
Қырсау ат шаппағанға қоймай ерік.

Қарғыған шөп басынан өтті дәурен,  
Жаутандап жат жандардан күттім дәрмен.  
Тап болып сегіз жаста бұл ауруға  
Аяққа әлім келмей болдым өуре.

Кеткендей мені қалың ұйқы басып,  
Жатқандай ояна алмай жанталасып.  
Ауыр түс көргендей боп сүрдім өмір  
Жұбаттым өзімді — өзім “оянарсың”.

Сол ауыр түс қалсын артта дедіңіз бе?  
Бақытты маған қайта бердіңіздер.  
Омыртқаны ашып ап көрдіңіздер,  
Жамбастан сүйек салып бердіңіздер.

Көрі-жас кеңеседі өзіңізбен,  
Үлгі етіп қызметінді, сөзіңізді.  
Жаныңа жаақын тарттың туысындай  
Алғашқы дидарласқан кезіңізден.



Сіз дағы өз ісіңе толағайсыз,  
Арманын талай жанның жалғағайсыз.  
Отбасыңыз бақыттың бесігі боп,  
Алғыстан басқа нәрсе алмағайсыз!

### Контраст

Бір жағым от,  
Бір жағым су,  
Бірақ жалғыз денемін.  
Күйем-жанам,  
өкініштен өртенеді өзегім.  
Мұз боп қатам  
Шалт сөзден соң шарт сынбауға тырысып.  
Өзге түгел бұл халіме өзім көнбей келемін.

Қуанамын.  
От боламын жалын демім дір қағып...  
Қиял көгін шарлап кетем  
Жат көздерден ұрланып.  
Салқындаймын.  
Сырттап бағам  
Бақытымның сезу үшін бағасын.  
Ештеңеден  
Еш қашан да  
Көрген емен құр қалып.

Бір жағым от,  
Бір жағым су,  
Екі түрлі денемін.  
Осылай боп жаратылдым  
Солай өмір сүремін.  
Ар-ұяттың үлкенімін,

Пенделіктің кішісімін дер едім.  
Бақытпен де,  
Қайғымен де қатар жүріп келемін.  
Осы менің өмірімнің дерегі.  
Не өзіңе керегі?...

### Айтысты бастап тиіскен жігітке

“Қарындас, айтысайық, Сағыздағы  
Жігіттің ашылмайды жалғыз бағы”...

\* \* \*

Әуелі амандыққа жарамадың,  
Оныңды надандық деп санамадың.  
Енді кеп “құрдасжан” деп өнмендейсін  
Осы ма жігітікке “жарағаның”?

Сөзіңнің басы — шайпау, аяғы — сау  
Бұл сені өзіл сөзбен сынап, байқау.  
Құрдасжан, құр бекерге тыраштанба.  
Жетпейтін сенің өрең мен биік тау.

\* \* \*

Мен дағы ата-ананың бір гүлімін.  
Елімнің еркелеткен бұлбұлымын.  
Өктемсіп келіп едің осы араға  
Құрдасжан, шықпай қалды неден үнің?

\* \* \*

Әрине, жеке шапқан дара келер,  
Жел сөзді айта берсең бара берер.

Ауызыңды ашып отырма текке қарап,  
Сұрасам жөн болар ма сенен өнер?

Саларсың, қазақ болсаң, бір өніне  
Келтіріп бұл жиынды өз сөніне.  
Өнерден құр алақан қалған болсаң  
Бекерге кеуде соғып керегі не?

\* \* \*

Мен сені жеңем деген ойым жоқ-ты.  
Өзілдеп жауап қаттым барды-жоқты.  
Өзің кеп тиістің де, күлкі болдың  
Қайтесің.  
Құдай атты.  
Шайтан соқты...

## Сәби пейіл

Аңғал көңіл аңқылдақ  
Қайтып тауы талайдан.  
Төтті үмітін төгіп-ап. Сәби пейіл мұнайған.  
Жамап-жасқап жатырмын сетінеген сезімді  
Қиял жалғап қиялға. Басым сынып мың ойдан.

Сезімталын тандаймын мөлдіреген көп көздің,  
Жұмбағым көп жанымда.  
Оқырман, сен не сездің?  
Қорқып кетем кейде өзім. Қопарып ап қоқысты  
Көреген боп барамын астар жағын көп сөздің.

Жақсылыққа бастай ма, жамандық па иректі,  
Уысына үрейдің салам кейде ерікті.  
Оқылмаған кітаптай басып кетті мыйды шаң  
Тез. Тезірек ендеше серпілуім керек-ті!

## Ертең...

Өтіп жатыр... өтіп жатыр босқа өмір.  
Тынши алмай тыпыршиды құс көңіл.  
Ертең,  
Ертең...  
Ертең дейді жұбау ой  
Басу айтып бөгде жандай басқа бір.

Қашан “бүгін” таусылады қайырсыз?  
Қашан қайғы азаяды ауыр мұз?  
Еріп бітер кезін күтіп құр жүрсем,  
Көнбіс жанға өзгерем бе уайымсыз?

Төзім шіркін алқындыдай боп қалды,  
Қиял құсым құр етекте маталды.  
Тау шыңына көз тігумен құр тұрмын  
Ертең!  
Ертең!  
Таңың қашан атады?!

## Ширьғу

Мана мен  
Мен емеспің!  
Мыйымда болып жатыр төбелес мың,  
“Екі аяғың жоқ қой!” деп кемсіткенге  
Ақылым көп, арлымын деп егестім.

Мына мен  
Мен емеспің!  
Қиялым қиырларға шырқап өстім!  
Көріп тұрсың  
Сары қыз  
Жаны нәзік  
Ал жігерім шар болаттан кем емес -тін!

Мына мен  
Мен емеспің...  
Көзіңмен көргенге емес,  
Көңілің сенген тұлғадан ізде мені.  
Армандай ақ бұлттарға сіңіп кеткен  
Ешқашан жолықпайтын қыз де мені!  
Түбінен жүрегіңнің ізде мені!

## Түн

Қоңыр салқын. Түн тыныш маужырады.  
Бойжеткеннің қасына жақындығы  
Бозбаланы күйдіріп -жандырады.

“Сәулем барда іздемен жарықты аса.  
Таң атпаса. Түн ұзақ таусылмаса...”  
Деп тілейді, сезімге болып масаң.

"Торғын түн-ай, бал-шырын шақтай осы  
Алау таң-ай, аялда! Атпай қойшы! —  
Деп тілейді қыз бала: — тұра тұршы!"

\* \* \*

Қоңыр салқын. Түн тыныш салбырады.  
Ауру жатыр көз алмай терезеден  
Науқас дене әлсіреп қалжырады.

Арпалысып азаппен ұйқы қашқан,  
Жұлдыз күлгін ұшқынын зорға шашқан.  
Мақпал шаптын жайып тұр қап-қара аспан.

“Түрілші түн! Жетеді! Жетер енді!”  
Таң сәулесін күтеді өйнегінен,  
Биіктетіп жастығын көтереді.

\* \* \*

Қоңыр салқын. Түн тыныш маужырайды.  
Сөби жатыр бал ұйқы құшағында  
Уыз жүзі бақыттан балбырайды.

Қоңыр салқын. Түн тыныш маужырайды.  
Ақын отыр өткізіп жүрегiнен  
Ақ қағазға сезiмнен сөз құрайды.

Қоңыр салқын. Түн тыныш...  
Түн тыныш,  
Тыныш....

### Көңiл тазалығы

Әсем болса жан — жағым  
Сұлу — сырлы айналам,  
Осы менiң арманым,  
Тек осылай толғанам.

Кiрсiз болса көңiлiм,  
Мөлдiр тұма — сенiмiм.  
Шарлап көңiл төрiнiң  
Терлеп тердiм өнiмiн.

Тары сөзiм бытырап  
Бiрiкпей-ақ қойғаны  
Төзiм-қазан, қақырап  
Төгiп алдым қаймағын.

Талпынғанмен тұруға,  
Қуат жетпей бойдағы.  
Келмей мойын бұруға,  
Орындалмай ойдағым.



Екі аяққа мінетін  
Кезім қашан келеді?  
Болашаққа баянды  
Жүрек қана сенеді.

Оймен кезем әлемді  
Аяқ қалып әдіра.  
Қиял ғана кемел-ді,  
Жүрегім-ау, жадыра!

Олқы өмірдің есесін  
Қайтарам деп жан салып.  
Толтырам деп кесесін  
Қаусар сумен тазалық.

Түсімде де жатамын  
Жамандықпен күресіп.  
Әділдіктің отанын  
Қорғап бағам сіресіп.  
Қорғап бағам...

## Нағыз қазақ екенмін!

Домбырасы, қазақтың домбырасы!  
Сезім қылың тербеші, дәл бұрашы!  
Тіл жетпеген жерінде сөйлеп берер  
Сырын ашар көненің. Мол мұрасы.

Шанағыңды қысып ап бауырына  
Сүйрік саусақ сатырлап сауырына  
Түйдек-түйдек төгілді төкпелі күй  
Бейне ұқсаған табиғат дауылына!

Тарс жұмып ап көзімді күй тыңдадым.  
Қиял құштым ұмытып жанның бөрің.  
Мен және Күй. Кең дала. Тұяқ үні.  
Тақымымда-арғымақ! Ағын жаным!

Япырмау, бұл қандай күш ағындаған?  
Лапылдаған. Лаулаған. Жалындаған.  
Быт-шыт қылып бұғауын болбырлықтың  
Ақ Арғымақ үстінде ағып барам!

Қанат байлап бергендей Хақ Тағала  
Шаттық бойдан төгілді ақтарыла.  
Қызу қаны қазақтың азат жаны  
Тамырымда булығып жатқаны ма?

Дауылпаз күй — жүректің бұлқынысы.  
Асау қаны қазақтың — ең дұрысы.  
Неге ұқсайды бұрқанған күйші жаны  
Сахнаның төрінде бұл тұрысы?!

Ұмытсам салт-дәстүрді сырғақтанып,  
Табанның бүрі кетіп, тайғақтанып...  
Шыға келді санамды сілкілеп КҮЙ  
Нағыз қазақ екенім айғақталып!  
Нағыз қазақ екенім айғақталып!

### **Гипсте жатқан құрбыны жұбату**

Айналайын, көңіл күйің жақсы ма?  
Айналаңыз жылы сөзге тапшы ма?  
Шыда азырақ. Сабыр ойла, ақыры  
Бізге де бір жарық сәуле бар шығар.

Өмір, шіркін, өзгеріссіз тұра алмас.  
Адам ойлап алдағысын біле алмас.  
Көңіл күнің сәулеленсе, іштегі  
Өзгелерге шуағынан қарайлас.

Сәл нәрсе ғой, ниет деген, күнім -ау,  
Сәл нәрседен басталады зар жылау.  
Жарың артық әзіл айтса, көтеріп,  
Кемшілігін кешіре сал, гүлім -ау.

Бұдан артық бізге сынақ жоқ шығар.  
Өкініштің болар мөлдір тамшылар.  
Ұяларсың, уақыт өтсе арада  
“Соным не ?” деп, сезімді арың қамшылар.

Ұмытылар көрген түстей беймаза.  
Ұмытылар. Ескілер де бұл азап.  
Адам шіркін адамдыقتан қалар ед  
Өмір өзі жаңғырығып тұрмаса.  
Уайымдама, жарығым-ау, сен де аса!

Зөбір көрсең адамнан жақын жүрген,  
 Қиын екен дейсін ғой өмір сүрген.  
 Мейірімі жүрегінде болмаса егер  
 Көңілің қайтар. Болса да жүрек сүйген.

Қара аспандай қайғы алып көңіліңді,  
 Қара зердей шер басар өміріңді.  
 Жарқыраған айнадай болып тұрсаң,  
 Айғыз -айғыз қылады -ау сеніміңді!

### Сәуле

Ақкөңіл, қолындағы тәттісін ауру балаларға үлестіріп жүретін сүйікті дәрігеріміз Сәуле опрeция кезінде кох палочкасын жұқтырып, 36 жасында өмірден өтті. Бір жолы маған: “екі балам мен күйеуім мені еске ала жүретіндей жыр жазып берші” деген-ді. Жаман ырым бастамаңыз деп жұбатып жүргенде өзі өліп кетті. Осыны естіген коллегалары да өтінді. Бұл өлең сол кезде газетке шықты.

“Сәуле” атаған әке-шешем бағыма,  
 Азғана күн сәуле шаптым маңыма.  
 Үлгергенше, және қолдан келгенше  
 Қызмет қылдым достарыма, жарыма.

Келдім-кеттім. Бұл өмірде із қалды.  
Елге еткен қызыметім.  
Және ұл мен қыз қалды.  
Адам атын өр ұстауға ұмтылдым  
Жүрегімнен қуып мұң мен ызғарды.

Қос құлыным — өмірімнің жалғасы,  
Көз сала жүр, жетімсіреп қалмасын.  
Мен артымда қалдырып ем екі гүл,  
Солар енді мезгілсіздеу солмасын.

Соларымды енді тағдыр қолдасын.  
Ғайып ирен-қырық шелтен қорғасын.  
Аманатым — атам, анам, жарыма  
Адал жандар болсын соның жолдасы!

## Сіңлім Марзияның хатына жауап

### I

Нені айтайын?  
Түнгі ұйқым бөлінгенін бе?  
Жастығыма  
Ақ моншақ төгілгенін бе?  
Ұзақ таңға кірпігім бір ілінгенінде  
Түсімде анашымның көрінгенін бе?

Нені айтайын?  
Сағыныш тербегенін бе?  
Басу бермей,  
Бөгеу көрмей селдегенін бе?  
Анашымның қасыма келмегенін бе,  
Мейіріміне бір аңсап шөлдегенімде?

Нені айтайын?  
Жүрегімнің егілгенін бе?  
Бақытымның алыстан көрінгенін бе?  
Түсінде бастырлығып жатқан жандай  
Әлде өзімнің өзімнен жерінгенімді ме?  
Нені айтайын...  
Жаз деме бәрін-бәрін.  
Қайғымды санай беріп неғыламын?  
Қолымнан келгенінше,  
Өлгенімше  
Сен іздеген биіктен табылармын.

Тентегім,  
Сенің орының ерекшелеу.

Мұнымды азайтасың сіреу-сіреу  
Назыңмен,  
Мінезіңмен қымбаттысың  
Орыныңды баса алмайды өзге біреу.

Қылығыңды көкіректе тербетермін,  
Біліп ем менен бұрын ержетерің,  
Апалық тілегім сол: бақытты бол!  
Жүректен сәлем жолдар Күнмәкенің.

## II

Жаным,  
“Отауыма жақсы жыр арна депсің,  
Аттап кеттім жолыңды.  
Көңіліңе алма,” — депсің.  
Не дейін?  
Өкпелесем, сағаң емес  
Тас болған тағдырыма өкпелейін.  
Жар сүйер, ана атанар жасқа кепсің.

Жаным,  
Ақылың мен біліміңді тең ұста.  
Ұзақ сапар жол шектіндер алысқа.  
Айналыңдар  
Қатарыңның ардағына,  
Ата-ананың мерейіне,  
Халқың үшін ырысқа!

Біреуінді Күн дейін де,  
Бірінді Ай.  
Татулығың тұрсын мәңгі бұзылмай.  
Қарттарыңның сыйла, қалқам, тілегін  
Ол да сені әлпештейді қызындай.

Жаным,  
Аңқылдағаң мінезің бар ақберен  
Жарқылдаған жанарыңнан күн көрем.  
Қуанышың ортаймасын  
Күтіп көңіл ақ айнасын  
Бақытты бол, базарлы бол, Ақмөрен!

### Ш

Еркелетіп, анаң айтқан “Ақмөрен”  
Бақытты бол қосағыңмен, ақ төрем!  
Жасың кіші болса дағы сен мені  
Еркелетіп атап кеттің “Құнмөкен”.

“Құн” бола алмай мен қиналып кеттім-ау,  
Мұнға бөккен мұнды өленді төктім-ау.  
Мені қойшы, пенделіктен биік бол  
Базарлы бол, бақытты бол, тектім-ау!



## Туған жерді аңсау

Алда өмір қанша, не берер?  
Алда үміт қанша көгерер?  
Көсіліп жатсын көк белдер.  
Жеткізбей қойған төбелер.  
Сағыныш жырын шерткіздің..  
Қаулаған өрттей, сене бер.

Бұл сағыныш шенгелін  
Босатпай қойды сығымдап.  
Көрсетпей бәрін өзгенің  
Биледі өзі мығым-ақ!  
Алқынып аңсап жетермін  
Бауырыңа басшы “құлындап”!  
Жіберме мені алысқа,  
Босатпа, мүлде босатпа.  
Ауылым, туған нұрстан  
Жанайын ыстық құшақта.  
Бауырайыңда бүр жарған  
Тұрайын гүлге ұқсап қап.

Сағындым аппақ шағылым,  
Ыстығың табан тигізбес.  
Сағындым ерке самалын  
Алдап бір кетер, жеткізбес.  
Сағызым, аққан үзіліп  
Көктемде оңай өткізбес.

Үмітім алыс жетелер  
Қиялым көкке көтерер  
Сусыған шағыл құмдарым  
Аңсағанымда түске енер.

Сағындым туған аулымды  
Сағындым сені, құм белдер!

\* \* \*

Арман көп қой күрсіндірген кеудені  
Бірақ әлі бақытсызбын демен-ді.  
Бір арманым орындалса, екінші  
Келем қуып үлкен бақыт дегенді.

Бақыт дедім күліп атқаң таңымды,  
Ұқтым ән деп, тебіrentкен жанымды.  
Жүрек іздеп өреkpиді ұмтылып  
Көңіл құсы сан қияға шабылды.

Достым, адал көңіліңмен сен түсін,  
Саябыр жоқ жүрегімде. Бұл — шын.  
Жас шағында армандау да бір мұрат,  
Жас шағында қиялдау да биік шын!

\* \* \*

Жазда жетіп қалыпты ау асықтырып,  
Шаттанып, қуанышпен тасып күліп...

Жүзі жарқын бозбала, бойжеткеннің  
Тойын тойлап жүргендей көктемнің.  
Қызыл -жасыл киінген адам біткен  
Тереземнің алдынан қалқып өткен.

Жаз да келіп қалыпты. Жүйрік уақыт.  
Кідірте алсам уақытты, шіркін-ай, аялдатып...

## Ауылдастарды аңсау

Қамығып кетсем ойдап ауылдастарды  
Сағынып жүрек, елжіреп көзге жас толды.  
Сағындым тіпті шалдуар келіп тиіскен  
Жігіттерді де айтқыш-ақ “қарындастарды”.

Қаламын қарап алысқа терезелерден...  
Жоқ, бірақ та, ештеңе, міне, өзгерген.  
Сағыныш толы ауылға жазған хаттарым  
Аяқталатын “тез жауап жаз, тез кел!” — деп.

Сағыныш деген не екендігін сезбеуші ем.  
Күлкі мен тек әзіл сөздерді іздеуші ем.  
Елендеп күттім ауылдастардан бір хабар,  
Қиялмен бұлай алыс қиырды кезбеуші ем.  
Ауылдастарым...

## Ауыл кеші

Кештіғұрым...

Дүние жым -жырт тыныстап,  
Бұлтан бұлтқа күн тығылды жылыстап.  
Самал сипап кекілінен ағаштың  
Көлеңкелер түседі ұзын қиыстап.

Күн сәулесі бұлтты бояп қойыпты.  
Күндізгі аптап күш-қуатын жойыпты.  
Құмартамын суретіне сүйініп  
Адам қай кез сұлулыққа тойыпты?

Көкке тойып томпаңдаған қозылар  
Үйге беттеп үздік-создық созылар.  
Әне-міне өрістен мал қайтады  
Бұл тыныштық сәлден кейін бұзылар.

Мамыражай мұндай сәтте мерейлі  
Еске жиі түсіреді үйінді.  
Бауырлардың бал қылығы елестеп  
Жүрегіме жылы шуақ үйірді.

Күтпейді екен шабыт деген уақытты  
Өр ұйқасты әкеткендей жел қуып.  
“Ақынсың ба?” деп сөзіңмен қағыттың  
Өлеңімді жазып жүрсем мен тығып.

Дер кезінде түсірмесең қағазға  
Кетеді жыр шыға қашып ойыңнан.  
Бір шумақты ұстап қалсаң, ол аз ба  
Сезімінді шертер шыққан қойыңнан.

Талай төтті сезім қалды жырланбай.  
Айтылмаған қиял, ойлар көп мүлде.  
Бір кездері жазам бәрін ұрланбай  
Сертім осы, достым, бұған сендің бе?

Сом алтындай сөздің асыл жүйесін  
Өбектеумен өрнектеген жырымды.  
Сосын өзің жатқа айтып жүресің  
Солай, достым,  
Ұқсаң менің сырымды.

## Достарыма

(институтта бірге оқыған Күләш пен  
Гүлзағираға)

Қол создым, достар, сендерге.  
Үміт пен бақыт күндерге.  
Екеуің маған Ай мен Күн  
Қайғым жоқ бірге жүргенде.

\* \* \*

Аяқталған сессия  
Каникул еді он күндік.  
Мендегі қандай мүмкіндік?  
Гурьевке жету үш күндік...

Қалғанмын жалғыз. Қыздардың  
Бәрі де кетіп аулына.  
Хат жаздым. Қолдан келгені —  
“Сағындым” деген, аулыма.

Алматы деген тым шалғай,  
Үш тәулік жүру-япырмай,  
Әкем де маған өкпелі  
Кеттің деп сөзді тыңдамай.

Ойыма соны он алып,  
Отырмын жалғыз омалып.  
Баратын жерім қашықта.  
Келу де қиын оралып...

Гүлзағира мен Күләшім:  
“Ауылға жүр, — деп, қыдырып.  
Бір сағат деді тас жолмен!”  
Тұрмадым мен де кідіріп.

\* \* \*

Тамаша жайлау, көк терек  
Ағады бұлақ сылдырлап.  
Жаңғырық қызық таудағы  
Естіледі екен сыңғырлап.

Үп-ұзын созған лағманды  
Жеу үшін керек шеберлік.  
Аш қалғам сонда ұялып...  
Ақымақшылық, не дерлік?

Сапар кесемен “еткен” шөй  
Асығыс ұрттап... жұта алмай,  
Дастархан тола құрт пен май  
Қол соза алсамшы, ой, алла-ай...

Әр елдің салты бір басқа.  
Ұлты бір қазақ болсаң да.  
Ұялып босқа, мен қасқа  
Үнсізбін. Аштан қалсам да.

Біртін де біртін үйреніп,  
Өзім -ақ создым лағманды.  
Күлдім-ау өзім мініме,  
Жаңғырықтырып бар манды.

Тұманды күні тауға өрлеп,  
Бізден бір кетті шалалық.  
Үлкеннің сөзін тыңдамау —  
Байқасаң, нағыз балалық.

Шыңнан ұшпай шақ қалдық.  
“Шаршадым!” деп жүрмегем.  
Тұман айығып, қарасақ:  
Жар шетінде тұрмыз біз деген!

Бір адым артық аттасақ  
Ұшатын едік күздан біз.  
Мені аспанға лақтырып,  
Қуанып қалдық бәріміз.

Жазылмай содан жұбымыз,  
Дос болып кеттік үшеуміз.  
Өмірім салса ағынға  
Үшеуміз бірге жүзерміз!

Достарым, менің, достарым!  
Бір жаңа жырды бастадым.  
Қол арттым үлкен сеніммен  
Сендер деп, жаным, достарым!



## Бір құрбыға

Білесің, құрбым, сөзшендік  
Белгісі ме екен өскендік?  
Сапырып сөзді солынан  
Сапырып және оңынан  
Сеніңше, құрбым, сөзшендік  
Биіктік пе екен бір шығар?

Келсе әңгімең тыңдатқың  
Сөзінді түрлі сырлаттың.  
Қиялмен кірген сипаттар  
Орынын таппай сипақтар  
Сеніңше, құрбым, жел сөзбен  
Тартып па салмақ бір безбен?

\* \* \*

Көңілімнің қазып қатпар-қатпарын  
Мен мұңымды ақ қағазға ақтардым.  
Кешір, достым, көзің түссе сөкпегін:  
Ақ қағаздан сенімді дос таппадым.

Неге келдім бұл өмірге, не көрдім?  
Бақыт деген қандай десе, не дермін?  
Құр жатамын көңілімді жұбатып  
Арасында болғанымға сендердің.

Кім жаныма жақын еді, кім қымбат?  
Кімге керек мұндай өмір қабағат?  
Кім қуанар, кім мұнаяр, егер де  
Мен туралы естілсе егер жаманат?

Екі аяғым жоқ болғанға қорланып,  
Көңіл тыным табар емес толғанып.  
Бұл өмірге неге келдім, не көрдім?  
Жатырмын ба жай әншейін жан бағып?

Басу айтып өзіме өзім қанша мың,  
Жұбатумен өзімді өзім шаршадым.  
Жанбай-сөнбей, не қуанбай төгіліп,  
Топас жан боп қалам ба деп қорқамын.

Ей, АДАМЗАТ, ақылыңмен алыпсың.  
Ақын көңіл әлденеден тарықсын?  
Аз қуанып, алдарқатып аз-ақ күн  
Қайтем, тағдыр, азабыңа салыпсың.

Қайсар сөздер қайратымды жанысын!  
Деші маған “сен халқыңның бағысың!”  
Кешір, ӨМІР, мен бағанды білмесем  
Сынағыңды көтермесем — арға сын!

## Гипстен тұрдым

Міне тағы жаз жетті,  
Міне тағы қыс өтті.  
Сағынышым сарғайтып  
Төсекті ауру күзетті.

Тағы да бір жаз шықты.  
Жадырадым желпініп,  
Көңілімде күн күліп,  
Жүрегімде жыр тұнып.

Қызынамын шуаққа,  
Ұмтыламын күн жаққа.  
Бәрі сондай тамаша.  
Бәрі қымбат бұл шақта!

Сағынып-ақ қалыппын.  
Таза ауаға тарықтым.  
Көңілімді қарып мұң  
Қанша-қанша қамықтым.

Қалт-құлт ұшқан көбелек  
Жатырқама. Қона кет.  
Өрмекшім жет өрмелеп  
“Хат келер” деп сыбыр ет.

Үілдеген көгершін  
Неге қаша бересің?  
Бәлкім қонып иығыма  
Қуанышқа бөлерсің?

Тентек бұлақ, аман ба?  
Қайда тартың сыландап?  
Тұлымыңнан сипатшы.  
Күтіп жатыр құмар бақ.

Сөлем, аңам-табиғат!  
Жағам жайлау. Жаным шат!  
Тұтқынынан төсектің  
Құтылдым-ау сәламат!

## Қысқы пейзаж

Аспан

Жерге жақындап қалғандай ма?

Жер

Аспанға жетуді армандай ма?

Аппақ мұнар

Ақ әлем арасында

Ақ ұлпалар қалқиды

Баяу

Майда.

Көкжиек жоқ.

Табиғат шекарасыз.

Білінбейді

Аспан — Жер

Екі арасы. Табанды сөл көтеріп, қаласаңыз

Ақ мамыққа айналып кете аласыз.

Себездейді бір әуен көкіректен

Жүректерді сазымен елжіреткен.

Майда

Мамыр бір күйге бөленді маң

Ақ арудай шәлісін ұлбіреткен...

Табиғат, тамаша едің өзің неткен?!

Қия шын, қарлы беткейде  
Бұрқырап ақ қар шанданды-ау,  
Алатау тұмсық көтеріп  
Біздерге қатты панданды-ау!

Күлкіден жартас сілкініп,  
Ақ тиін қатты таңданды-ау.  
Шыршалар ақ басын сілкілеп,  
Қуанып, тағы жанданды -ау.

Қу түлкі оқыс күлкіден  
Селт етіп жанын қарманды-ау.  
Жанымның шаттығын шашып  
Жаңғырттым тау-тас, бар маңды-ау!

Қия шын, қарлы беткейде...

## Аналарға арнау

Гүлді аялап нұрын себер көкте КҮН.  
АНАМ маған сыйлаған өз көктемін.  
Тілейтінім, жаным-анам өзіңе  
Гүл ашсыншы бар ЕҢБЕГІҢ, ЕККЕНІҢ!

### Анасынан қызына хат

Аурудың арпалыстым түріменен,  
Көз ілмей шығам кейде түніменен.  
Барады күннен күнге дертім меңдеп,  
Көре алмай қалар ма екем шыныменен.

Қызыл тіл, ризамын сау желсеңіз,  
Дүние-ай, екі айналып бір келсеңіз.  
Тағдырыма мен риза болар едім,  
Көруге құлынымды дем берсеңіз.

*Озипа, 23.05.1980.*

*(қайтыс болғанда анамның төсегінің астынан бір дәптер  
өлең тауып алдық)*

## Ана мейірімін аңсау

Шешімін таппай көп сұрақ  
Жанымды қинап жүргенде,  
Бақыттан жүрек жарылып  
Шаттана бір күлгенде,  
Іздеймін сені, анашым,  
Жанымда болса екен деп,  
Сен неге сонша асықтың,  
Өмірге ұрпақ келгенде?

Жамап бір жасқап жатамын  
Қысқа жіп келмей күрмеуге,  
Сағынып жылап ұйықтаймын,  
Болмайды және күлмеуге.  
Мен сені жаным қиналса,  
Шақырып шығам түнімен.  
Сен келіп менің қасыма,  
Жарамайсың-ау “жүр” деуге.

Жетпейді кейде төзімім  
Жасырып бәрін жабуға,  
Түсемін түпсіз қиядға,  
Батамын шексіз налуға  
Артында қалған бұл қызың,  
“мандайыңдағы жұлдызың”  
Қадіріңді сенің, анашым,  
Енді-енді ғана тануда!

Жоқ нәрсе қымбат қашанда,  
Зәру зат артық әманда,  
Қабағым шытсам қиналып,  
Жұбатушы едің табанда.



Құрбындай болдым, сырлассаң,  
Ақылшым едің — жаңылсам.  
Адасып қалған ботадай  
Жүр байғұс қызың алаңдап.

Сен жоқсың маған келетін,  
Аңсадым қанша дегенмен.  
Сағыныш жасы бұршақтап  
Айналып жатыр өлеңге.  
Көңілдің мұңы жуылсын,  
Айналсын кемпірқосаққа,  
Бірге шыққандай болайын  
Жаңбырдан соңғы белеңге.

Мейрімін іздеп ананың  
Жылаған бесік басына,  
Сәбиіме бәйек боп,  
Асыға жеттім қасына.  
Өзіңе жасар қызметті  
Жиеніңе енді істермін.  
Кезекпе кезек ауысқан  
өмірдің заңы осы да!

## Төтемді жоқтау

Бүлкілдеп тіл мен көмейім  
Зарымды саған төгейін.  
Қызыл тіл келсе орамға  
Ағытып біраз көрейін.  
Ақ қағаз, қара қаламға  
Сырымды жазып берейін:

"Кетті деп суға бауырың"  
Естіртті келіп ауылым.  
Батты ма бала қазасы,  
Талып бір кетті анасы.

Үй іші болды әбігер,  
Жүгірдім іздеп дәрігер.  
Қызарып іскен көздерден  
Қайғының ізі білінер.

Жылаумен өтті күн неше?  
Шешемді күттім біресе...  
Ем табылмас еш жерден  
Құлазып жаның жүдесе.

Ерке боп өсті жасынан  
Құс ұшырмадық басынан.  
Болып та толды-ау дегенде  
Ажалың жетті-ау тосыннан.

Бір түрлі шықты хабары.  
Таусылды мүлдем амалым.  
Біреуі "көрдім десе Гурьевте",  
Махаттан бірі "табады".

Білмек боп соның анығын  
Жол тартып кеттім іздеуге.  
Жолықты-ау кейбір жамандар  
Жарамайтұғын “сіз” деуге.

Нашардың батты-ау жаласы,  
Жаман еркектің тілі ащы.  
Тірісінде жалпаң қағушы ед  
Сөйлеспей қойды-ау “жолдасы”.

Осыным қалай демеді?  
Көп еді төтемнен көрген көиегі.  
Депломың болса қалтанда  
Менің өлген ағамның жазып  
бергендігінің себебі.

Төрімде жатты-ау шөниіп,  
Кешегі Оразғалиев.  
Танушы едім бұрыннан,  
Шай құйып едім қолымнан.

Басыма қиын іс түсіп,  
Алдыма бұлаң із түсіп,  
Ағамның жайын сұрасам  
Қарайды -ау маған оқшиып.

Бастығы еді бұрынғы  
Көтеріп көкке мұрынды,  
Амандасуға жарамай,  
Көр көкірек пенделер  
Қайдан ұқсын менің мұңымды?

Ақ төте-ау,  
Қылмыстың ізін ақтарған

Тергеуші еді атағын.  
Талайдың жоғын түгендеп,  
Астында қалдың батаның.

“Ақырын жүріп, анық бас”  
Ұраның еді ежелден.  
Ісіңнен мығым жаңылмас  
Көрінуші едің межеден.

Сүйкімді болдың халқына,  
Қамқоршы болдың жалпыға.  
Ісіне адал деуші еді,  
Жақсы сөз қалды артына.

\* \* \*

Ағатай! — дедім жалынып,  
Тұрмын ғой қазір тарығып,  
Зыр жүгірейін тойыңда!  
Тобамнан қалман жаңылып!

Бір ауыз қағаз жазып бер,  
Адресінді алып бер!  
Сөзімнің бұрыс - дұрысын  
Кезі келгенде танып көр!

“Көрдім деген пенденің  
Адресін алып бер”, — дедім.  
Бір ауыз телефоны еді  
Сондағы бұлдап тұрғаны...  
Үміттің атын сауырлап,  
Гурьевтен шықтым зауылдап.

Қара поезға жармасып,  
Шыққанмын түсте ауылдан.

Теңселіп поезд , дүрсілдеп,  
Қайғыма қайдан түсінбек?  
Уайымы кімнің көп болса,  
Сол пенде ғана күрсінбек.

\* \* \*

Тірінің тінтіп арасын,  
Гурьевтің кездім қаласын.  
Тауып бір алған моргтен,  
Таланның түрін қарашы!

Екі аяқ жатыр көсіліп,  
Денесі жара тесіліп.  
Көрген кезімде мен бейбақ  
Кетпедім қалай есіріп?..

Қап-қара болған құлағы  
Көз алдымда тұрады.  
Қап-қара болмай қайтеді  
Он бір күн өзен түбінде  
Болғаннан соң тұрағы?

Көп еді досы жасында  
Қиын күн туып басына  
“Құтқар!” деп айқайлағанда  
Келмеді-ау бірі қасына.

Көп естіп зөбір-жапаны  
Жүрегім мұздап қатады.

Қиналды-ау сонда ақ төтем  
Қасында болмай қатары.

Арманда кеткен ақ төтем  
Іздеусіз де сұраусыз  
Он бір күн судың астында  
Ескерусіз жатады.  
Сыр етіп айтсам сыбырлап  
Осы арасы жаныма  
Жүректі қинай батады.

Моргте жатты үш күндей,  
Қайтеді дене бүлінбей?  
Бұларды көріп мен өзім  
Аяғымда өлім жоқ,  
Баса алмаймын сүрінбей...

...қайда да хабар салмадым,  
Қай жерге іздеп бармадым.  
Жұдырықтай жүректі,  
Жұртым-ау, неге алдадың?

Жоқтауым — ащы айқайлы.  
Ағыттым барлық мән -жайды.  
Ащырақ шықса дауысым  
Көңілдің кірін шайқайды.

Бүдкілдеп тіл мен көмейім  
Мұңымды саған төгейін.  
Қара түн туды басыма  
Асырып бұдан не дейін?  
Жаныма батты қазасы,  
Ағамның қинап азасы.

Қу жаным, қашан, қай кезде  
Қайдан бір сая табасың?

Дәстүрін бұзып халықтың  
Басына қабір барыпшын.  
Егіліп тұрып бауыға  
Қолымнан топырақ салыпшын.

Мұнымды шақтым керенге,  
Арманды көмдім тереңге,  
Сенбейді көңілім, қайтемін  
“Келмейді ағаң” дегенге.

Ағаның орны бөлек-ті,  
Налаға орап жүректі  
Отызға жеткен жасында  
Ойсырап орыны жүдетті.

Бөрінен қиын анаға,  
Елжіреп жүрек балаға.  
Өзі тұрғай, отырар  
Суретінен болып садаға.

Артында қалған балақан  
Күтеді жылы алақан.  
Басыма тартып қараны  
Қалдырдың қайғы орасан.

Соңында қалған үш жетім  
Көруге зар боп келбетін.  
Әкенің сөзін естімей  
Дәт қылып қалды суретін.

Ақ төтем жоқ боп кеткені  
Жүрегіме қайғы жүктеді.  
Нұрғайша, Гүлнар, Ұлбосын  
Көзіңнің жасы көп пе еді?

Жылаумен арман бітпеді,  
Қайғы-шер қоздап түптегі  
Шыдадым зорға сендер деп  
Жараның орны бітпеді.

Орының ерек, әрине,  
Шыдармын төзіп бөріне.  
Қарасам қанша есікке  
Кірмейсің енді сен үйге.

Айтарым көп қой, әй, тегі  
Тоқтатсам енді қайтеді?  
Сыр етіп түйдім қағазға...  
...беріш боп қатқан жайт еді...

*11 май, 1977-27 июнь, 1977 жыл. Сағыз*



## Мектеп бітірушілер кешіне арнап жазылған жыр

*(өзім денсаулығыма байланысты бара алмадым)*

Қолға алып аттестатты кеттік тарап,  
Біреу жүр бар бақытын шыңнан қарап.  
Не тындырдық?  
Не бітті?  
Нені ұмыттық?  
Көрейік бармақ басып, саусақ санап.

Бухгалтер Қалқатай мен Іңірбайым,  
Құдайым жолын ақ қыл бұл Жаңайдың.  
Науқастың халін білер қиналғанда,  
Табылатын қасынан Сұлтан дәйім.

Қылышбек газ бен мұнай өндіріп жүр.  
Зейнеддин елдің “шөлін сөндіріп” жүр.  
Кемелбай, Әби, Жәрдем машинаға  
Асаудай жердің жайын “білдіріп” жүр.

Қалдекен тамам елді киіндірген,  
Оңболғаш халқын әнмен сүйіндірген.  
Баяғы тамыршыдай Орынтайым  
Жер асты суларының жайын білген.

Салимам ақ халатты арашашым.  
Қыздардың ұлдан асты “тамаша ісі”.  
Ұрпағын болашақтың өсіруде,  
Бәрінен осы емес пе тамашасы?

Достарды жырлай берсем сөз бітер ме?  
Кетпейін естеліктер жетегінде.  
Жиналып бүгін алғыс айтудамыз  
Ұлағатты ұстаздық өтеуіне.

Жиналды алтын ұя мектебіме,  
Оралдық ойша өмірдің көктеміне.  
Ұстаздар, барлығыңа бас иеміз  
Бастаған біздерді өмір өткеліне.

Кенбай орта мектебінің директоры  
**Шанықұл ағайға**

Ұстаздың аяулысы, ардақтысы  
Сабырлы, терең ойлы, салмақтысы.  
Қадірлеп Шанықұлдай ағамызды  
Алдында иілеміз үлкен — кіші.

Есепсіз ескерту де жасамаған  
Отыз жыл ұстаз болмас осал адам.  
Кеңесіп, ақыл сұрап, қай кезде де  
Алдыңыз келушіден босамаған.

Класс жетекшіміз **Әйіп ағайға**

Жүрекке арман менен қиял толған,  
Кез еді балалықпен сағым қуған.  
Бәріміз жиналып ап бір класқа  
“Екі” алдық, “бестік” те алдық сіздің қолдан.

Мына біз сонда сізден қорқатынбыз.  
Тасаланып көрінбей “жортатынбыз”.  
Үйрендік сонда сізден тұңғыш рет  
Өмірдің шындық деген ұлы атын біз.

Алдыңнан неше мың сан шөкірт өтті.  
Иіліп бар оқушың іззет етті,  
Балапандай баулыған ұстаздарым  
Сөйлеңіз, сөз кезегі сізге жетті.

**өз атымнан:**

Тойларың құтты болсын тойлағандар,  
Қуаныш пен қызыққа тоймағандар.  
Алыстан, Алатаудың бауырайынан  
Қластасың Маркизаның сәлемін ал.

Өзім мұнда, көлім сендерменен.  
Ұмтыламын ортаңа бар денеммен.  
Тіс сарғайған, шащ сиреп, түрім басқа  
Тек жүрегім баяғы өзгермеген.

Қолда таяқ, көңілдің қаяуы бар.  
Бұл сөзімді жүректің ояуы ұғар.  
Ал санамда сайрап тұр бала күнім  
Өлеңімде кемпірқосақ бояуы бар.

Жақсылыққа әрдайым “қаталаймын”  
Сағыныштан мөлдір көз ботадаймын.  
Сәлемімді ұшырдым ықыласпен  
Тілегімді ақ жарма батадайын.

Өлең жаздым сендерге жерлесім деп,  
Балалығым мәңгілік өлмесін деп,  
Қуанышың тасқындап таси берсін,  
Еш жамандық бастарыңа келмесін деп.

Ұл-қыздарың қанатын сермесін деп,  
Талабы тас қияға өрлесін деп,  
Жолында ғыбыратты іс кездессін,  
Көздері жаманшылық көрмесін деп.

Өмірі текеметтей түрленсің деп,  
Өмірден еншісін ая үлгерсін деп,  
Жиналған осы отырған ағайынға  
Ұрпағың жауқазындай гүлденсін деп.

Ағайын, аман-сау тұр кездескенше,  
Кездессек, балапандар енді өскенше.  
Жақсырақ жаңалықтар көп болса екен  
Айтатын келесі жол жүздескенде.

## Ұмытпа, адам!

### 1. Жүректі қалтыратқан

Жүрегің қалтырамай  
Еске алу мүмкін бе еді  
Концлагерьлердің  
Теңселіп күрсінгенін?!

Есірген фашистердің  
Қорлық пен мазақтарын?  
Аязда жалаңаштап  
Су құйып мазақтауын?!  
Газ камераларында  
Тұншыққан тұтқындарды?  
Жалған “емханаларда”  
Көл болып тұнған қанды?!

Майденек, Равенсбург  
Бухенвальд лагерлерін?  
Иленген адам еркін  
Және де ...терілерін?!

Күл болған адамдарды  
Тыңайтқыш есебінде?  
Тарих ұмыта ма,  
Адамзат кешеді ме?!

Ұмытпа, АДАМ!  
Ұмыту мүмкін бе еді?  
Крематорийлердің  
Қап-қара түтіндерін?!?

## 2. Майдангердің ең соңғы хаты

Кеше ғана өзім тірі кезімде  
Хат жазып ем  
Сағынышты сезіммен.  
Хатым кетті.  
Анам және жарымды  
Қарап жаттым көрмейтұғың көзіммен.

Сәлемімді жеткізуге ең соңғы  
Хаттар жүріп бара жатты көп жолды.  
Саусақтарын жаздым сонда ақтық сәт  
Жау бомбасын бөліп түскен оң қолды.

Хаттар  
Жүрек үлпілісің қанша ұлдың?  
Қуанышын ұзарттыңдар қанша үйдің?  
Бомба мені лақтырғанда бөлшектеп  
Мәңгі өлмеске ескерткіш боп шаншылдым!  
Ұмытпа, адам!!!

## 3. Ананың үндеуі

Ұмытпа, адам!  
Тербеткен тал бесігіңді,  
Ананды  
Өнге қосқан күнде есіміңді!  
Ұмытпа, адам!  
Алтын ошағың мен  
Шаттыққа құшағы ашық өз есігіңді!

Мен анамын.  
Десең де қанша өр тұлғам,

Жаптырағын кешегі соғыс жұлған.  
Өкесінен айырылған бір ұланды  
Келешек арманына жалғастырғам.  
Мен қарсымын нейтрон қаруына!  
Күліп шықсын күміс күн ауылымда.  
Жайқалсын гүл өзінің сабағында!  
Анасының өссін ұл бауырында!

Ұмытпандар!  
Бомбамен жердің бетін шұқымаңдар!  
Жүрегін пәрше-пәрше жұлқымаңдар!  
Аналық тілегім сол:  
Фашизмнің  
Кесілсін кеңірдегі құлқын құмар!!!  
Ұмытпа, адам!

## Ой

Не шаршап талықсып қалғанша,  
Не үміт шырағы жанғанша —  
Ойлармен алыстым алпамса...

Түршігіп тұла бой тоңазып,  
Оқылып жатқандай жаназа.  
Қамады кейде ойлар оңаза.

Жігерді кей ойлар азаптап,  
Күлгенше күдікке мазақтап,  
Ойлармен отырдым шашы аспақ,

Лақтырып кеткенде арманым,  
Тістелеп өкініш бармағын,  
Қаптым кеп жаман ой қармағын.

Ұқпадым жеңілдің жыртаңын,  
Алаңсыз, ойсызға бар таңым,  
Тіпті ойсыз атпапты бір таңым.

Жыр жазам жүректен толғанып,  
Армансыз жандардан қорғанып,  
Қиялды қайрақ ой жүр жанып.

Жандырып қиялдың жанарын,  
Қырандай сілкініп саламын.  
Биіктеп кейде ойдан қаламын.

Теңіздей қиялға батамын  
Терең ой түбінде — жатағым.  
Жүректен саған тіл қатамын.  
Ойларым менің!



“Ар” деген не? — деп сұраған ұлыма қарап отырып ойландым.

**Сен бақыттың құнын түсін, алтыным!**

Сен бақыттың құнын түсін, алтыным.

Өмір деген той емес қой

Шалқып өтер алты күн.

Нені аңсасаң

Соның бәрін жию емес қолына.

Дүние деген қолдың кірі,

Ой — қиялдың соры да!

Арлы болу:

Қандай қиын күн туса да

Қорғап қалу ар атын.

Барлығынан биік қою:

Арман,

Қиял,

Мұратын!

Арлы атану —

Жан-жағына жүрек нұрын тарату,

Алтын күннің кірпігіне алтын ойлар жалату.

Арлы әлемде:

Ұяң мінез ару сонда, байлық сонда, бақ сонда.

Сене алмаймын

Арманы мен ар -ұяты жоқтарға!

Ар бар жерде:

Сүрінсең де

Қайта тұр да,

Баста бәрін басынан!

Талант болсаң

Табыларсың сен де алдағы ғасырдан!

## Терек гүлдеді

Аспан мен Жер.

Тіршіліктің арасы.

Терек гүлін бүркіп жатыр, қарашы.  
Аппақ бұлттай бір топ тұқым бүрқ етіп,  
Күнге ұмтылды тірліктің бір парасы.

Қалықтап жүр,

шарықтап жүр әлінше

Тіршілікті мадақтайды халінше.  
Парашютке асылып ап жас дөнек  
Қонатын жер барлаумен жүр өзірше.

Парашютке асылып ап жас дөнек

Тамыр жаяр жер іздеп жүр,

не керек?

Мынау асфальт жердің жапқан тынысын.  
Дөнегім-ай, ұшып кетші әргерек!

Қалың асфальт жердің бітеп танауын,  
Зәулім үйлер төккапарсып қарауың!  
Қайдан ғана келе қалдың қалаға  
Орман еді-ау, дөнегім-ай — қалауың!

Асфальт төсеп күндіз, тіпті түн демей  
Техника ажылдайды — сұм көмей.  
Табиғат пен техника таласын  
Мақтанышпен қызықтаймыз. Үндемей.

Дөнегім-ай, қайдан ғана гүлдеп ең?  
Бар болғаны — сәттік өмір сүрген ең!  
Түстің. Бітті. Таптап өтті дәу табан...  
Алқымға кеп бітіп қалды үн деген.

\* \* \*

Қанша терек өліп жатыр гүлдемей...  
Қаншама өмір сөніп жатыр бүрлемедей...  
Жұтқыншағым жұтындырмай сілейіп  
Қол қусырып қарап тұрмын үндемей...  
Қарап тұрмын дым демей!

### Адамдар, мен сендерге ынтызармын

Тұрады-ау өмір шіркін тайталастан.  
Төбеңде тұрмас мәңгі жайнап аспан.  
Аяқты алғанменен  
  қалам беріп,  
Тағдырым жыр әлемде бағымды ашқан.

Құлақта сынғыр қағып ән тұрады,  
Жас жүрек жақсылыққа ұмтылады.  
Қарақан бастан аспай қиялымыз,  
Дүниенің ұқпаған кез парқын әлі.  
Тағдырым, қайратты алма, күшінді бер.  
Келішпін енді жасқа есім кірер.  
Жүрегімнің қыртысын жайып салдым  
Мұңдылау болып шықса, кешіре гөр.

Қиял ұшқыр,  
                                сезімтал,  
                                нәзік жаным,  
Адамдар, мен сендерге ынтызармын.  
Жүректің саусағымен бастан сипап,  
Келеді жыр-сезіммен аймалағым.

Сендерге ұмтылады менің жаным.  
Өмірім мәнге ие боп, тасыр қаным!  
Бәріңе, бәріңе мен ынтызармын.  
Бәріңді жырымменен аймаладым!!!

## МАЗМҰНЫ

ҰЯЛШАҚ МАХАББАТ .....	3
Алғы сөз .....	3
Пікір .....	4
Ғажайыпқа сенгендерге арнаймын .....	6
Жыр кітапқа сүнгі, дос .....	7
Күн көзі .....	8
Тәуекелдің тұлпарына салдым ер .....	9
Сезім пернелері .....	10
“Махаббат туралы жыр жазшы” .....	11
Жырларыңды оқыт деп сұрайсың .....	12
Хаттар .....	13
Сені көрдім .....	14
Сөзің .....	14
Сен менің өлеңімді оқығанда .....	16
Жігіт сөзі .....	17
Қыз сөзі .....	18
Сыңқ-сыңқ етіп .....	19
Жаным .....	20
Көз .....	20
“Бер, бол” дейін .....	21
Әсер .....	22
Наздану .....	23
Тағы сағыну үшін бе? .....	24
Суретіңді сүйемін .....	25
Ұнайды .....	26
Қыздың сүйі .....	27
Пенделерге бере ме екең жүректі .....	28
Сенің көзің туралы .....	29
Сен .....	30
Ренжітпе .....	31
Асықпашы .....	32
Жүзік .....	34
Жаным-ау .....	35
Күдіктенбепсі, жаным! .....	36
Қызғаныш .....	38
Гүл сыйладың .....	39
Түсімде ұштым .....	40

Кешір, жаным .....	41
Сүйемін бе? .....	44
Экспромт .....	46
Қыз болып тудым бекерге .....	47
Ризамын тап келген тағдырыма .....	48
О, адам жаны! .....	49
Наз .....	50
Бермеші тыныштық — мылқауға .....	51
Аңсау бақыты .....	53
Ешкім мені... .....	54
Махаббат ұясын күзету .....	55
Солай, жаным .....	57
Ұялшақ махаббат .....	58
Ауылды аңсау .....	59
Өн.....	62
Сағынтқан жаз .....	63
Каз НИИТ-тің КХО бөлімінде бірге емделген Зейнеп апама .....	64
Зөкеңе .....	67
Жазбай кетіп едім-ау көптен өлең .....	68
Дәрігерлерім менің .....	69
Бақыт Қабылтаевичке .....	70
Контраст .....	71
Айтысты бастап тиіскен жігітке .....	72
Сәби пейіл .....	74
Ертең... .....	75
Ширығу .....	76
Түн .....	77
Көңіл тазалығы .....	78
Нағыз қазақ екенмін! .....	80
Гипсте жатқан құрбыны жұбату .....	81
Сәуле .....	82
Сіңлім Марзияның хатына жауап .....	84
Туған жерді аңсау .....	87
Ауылдастарды аңсау .....	89
Ауыл кеші .....	90
Достарыма .....	92
Бір құрбыға .....	95
Гипстен тұрдым .....	97

Ғысқы пейзаж .....	99
Аналарға арнау .....	101
Анасынан қызына хат .....	101
Ана мейірімін аңсау .....	102
Тәтемді жоқтау .....	104
Мектеп бітірушілер кешіне арнап жазылған жыр .....	111
Ұмытпа, адам! .....	115
Ой .....	118
Сен бақыттың құнын түсін, алтыным! .....	119
Терек гүлдеді .....	120
Адамдар, мен сендерге ынтызармын .....	121

Редакторы *Саят Қамшыгер*  
Көркемдеуші редакторы *Кенжеғазы Айпжұманұлы*  
Суретші *Жұмабай Болатбаев*  
Беттеген *Иманғазы Хайсин*  
Терген *Айгүл Бердиева*

Қалпы 84x108<sup>1</sup>/<sub>32</sub>. Қағазы офсетті. Қаріп түрі "DS Baltica".  
Шартты баспа табағы – 6,82 Тарапқымы 1000 дана. Тапсырыс №112

«Ан Арыс» ЖШС, 050000, Алматы қаласы, Абылайхан даңғылы, 105.  
Тел.: 8(727) 272-51-87, 261-60-67, факс: 8 (727) 261-62-13.

«Полиграфсервис» ЖШС. Алматы қаласы, Зеленая көшесі, 13 «А»,  
тел.: 8 (727) 233-32-53



